Біріншіден, стресс ұғымы адамның шиеленіс немесе қозу тудыратын кез келген сыртқы жағдайлармен немесе оқиғалар ретінде анықталуы мүмкін. Қазіргі уақытта бұл мағынада "стрессор", "стресс-фактор" терминдері жиі қолданылады.

Екіншіден, стресс субъективті реакцияға жатқызылуы мүмкін және бұл мағынада ол кернеу мен қозудың ішкі психикалық жағдайын көрсетеді.

Үшіншіден, стресс ағзаның қойылатын талаптарға немесе зиянды әсерге физикалық реакциясы болуы мүмкін. Осы себепті осы ұғымның бірыңғай анықтамасы жоқ. Әр түрлі уақытта және әртүрлі бағыттарда стресс әр түрлі мағына бойынша анықталады [7,8].

"Эмоциялық стресс" дегеніміз психологиялық әсер ету кезінде пайда болатын бастапқы эмоциялық психикалық реакциялар, сондай-ақ әртүрлі стрессогенді факторлар әсерінен туындаған эмоциялық-психикалық симптомдар, аффектілік реакциялар және физиологиялық механизмдер. Егер бейімделу механизмдері пайда болған кернеуді жеңе алмаса, эмоциялық (психологиялық) стресс жағдайы дамиды – оны басқаша фрустрация деп атайды [9,10]. Эмоциялық стресс келесі схема бойынша дамиды: бас-ми қыртысы мен лимбико-ретикулярлы жүйені қоздыру арқылы ағзаға әрбір күшті және аса күшті әсер ету, гипоталамустың байланысқан жасушаларынан норадреналиннің босап шығуына әкеледі, олар ретикулярлы формацияның адренореактивті элементтеріне әрекет ете отырып, норадреналин мидың симпатикалық орталықтарын белсендіреді және осылайша симпатoadреналды жүйенің белсенуіне әкеледі. Стресс-реакция лимбико-ретикулярлы ми құрылымдарында жаңа нейрхимиялық интеграцияны тудырады. Гипофизарлы-ретикулярлы түзілімдерде нейромедиаторлардың әсерінен гормондардың өнімі артады және осының салдарынан эндокриндік бездердің функционалдық жағдайы өзгереді. Бұл өзгерістер ұзақ стресс-реакциялар кезінде қалпына келу және стресстің тұрақты, стационарлық түріне өтуі үшін негіз жасайды [11,12]. Өсіп келе жатқан эмоционалды кернеу вегетативтік жүйенің қозуымен көрінеді, ол өз кезегінде ішкі органдардың функционалдық бұзылуына әкеледі. Стресс кезінде физиологиялық жолмен туындаған дезорганизация ең "әлсіз" жүйеде, мысалы, АГЖ, жүрек және т.б. жүйелерде көрініс табады [13].

## МАҚАЛАЛАРҒА ШОЛУ

Вегетативті реттеу жүйесі және стресске бейімделу реакциялары

Стрестік реакцияның қалыптасуы ағзаның әртүрлі деңгейлерінде жүреді: жүйке, нейроэндокрин, эндокринді жүйелер [14].

Жүйке деңгейі немесе ось, тітіркендіргіштің әрекеті басталғаннан кейін бірден ағзаның ең жылдам жауабын қамтамасыз етеді, бірақ бұл жауап қысқа мерзімді сипатта болады, бұл жүйке жүйесінің қызмет ету ерекшеліктерімен (қозу және тежеу процестерімен) байланысты. Нейроэндокринді ось психологиялық стрессорлардың әсер етуі кезінде стресті қалыптастыруға қосылады, ол өз кезегінде жүйке және эндокриндік жүйелердің бірлескен жұмысын қамтамасыз етеді, организмнің зақымдануға жалпы генерализацияланған реакциясын тудырады. Эндокринді ось іске қосылғанда стрестік реакция ерекше сипатқа ие болады, әсері нақты органға немесе мүшелердің тобына бағытталған және реакцияның ұзақтығы алғашқы екі оське қарағанда әлдеқайда ұзағырақ [15].

ВЖЖ-ның маңызды функциялары болып [16]:

1. Ағзаның барлық ішкі процестерін, ішкі ағзалардың қызметін, ішкі секреция бездерін, қан және лимфа тамырлары қызметтерінің реттелуіне қатысады.
2. Ағзаның гомеостазын қамтамасыз ету-ішкі ортаның тұрақтылығы және оның негізгі физиологиялық функцияларының тұрақтылығы.
3. Бүкіл организмді энергетикалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру.
4. Бейімделу-трофикалық функция: сыртқы орта жағдайларына қолданылатын зат алмасудың реттелуі.

Вегетативтік жүйке жүйесінің құрылысы орталық және шеткі бөлімдерге (сегменттік және сегментусті) бөлінеді. Сегментарлық деңгейде симпатикалық және парасимпатикалық бөліктерге бөлінеді. Симпатикалық бөлігі- адреналин, парасимпатикалық бөлігі – ацетилхолин медиаторларымен қоздырылады. Ал тежейтін әсері бар медиатор симпатикалық бөлікке эрготамин, парасимпатикалық бөлікке атропин [17,18]. Барлық органдар ВЖЖ-нің симпатикалық және парасимпатикалық бөліктерінің ықпалында болады. ВЖЖ-нің симпатикалық бөлігі кез келген стресс-реакцияларының маңызды іске асыратын буыны болып табылады. Ол ағзаға жалпы бейімделу-трофикалық әсер етеді және көпфакторлы стрестік реакцияны іске қосу мен дамытуға қатысады. Эмоциялық стресс кезінде симпатикалық реакциялардың үстемдігі бар тұлғаларға стениялық, агрессиялық мінез-құлық тән. Симпатикалық реакциялар қорқыныш кезінде күшейеді. Симпатикалық реттелудің басымдылығы әр түрлі жағдайларға бейімделу мүмкіндіктерінің жақсаруын қамтамасыз етеді. Парасимпатикалық иннервация ағзалардың тұрақты жағдайын (гомеостаз) қамтамасыз етеді, ал симпатикалық бұл жағдайларды орындайтын функцияларға (гомеокинез) қатысты қолданады. ВЖЖ екі бөлігі бір-бірімен өзара тығыз байланыста [19,20].

Күйзеліс әсерінен ұйқының бұзылуы

Ұйқы-бұл жылу қанды жануарлар (яғни сүтқоректілер мен құстар) ағзасының ерекше генетикалық детерминирленген жағдайы, циклдер, фазалар және кезеңдер түрінде белгілі бір полиграфиялық картиналардың заңды жүйелі ауысуымен сипатталатын [21,22].

Стресс-ұйқысыздық дамуының ең жиі себебі, оны инсомния деп атайды. Инсомния "ұйқыға арналған жеткілікті уақыт пен жағдайлардың болуына қарамастан және күндізгі қызметтің әртүрлі түрінің бұзылуымен байқалатын ұйқының бастамасының, ұзақтығының, сапасының қайталанатын бұзылулары" ретінде анықталады [23,24]. Инсомнияның жеке түрі ретінде бейімделу инсомниясын бөледі. Бұл ұйқының бұзылуы кезінде бағытталған стрестік фактордың әсерімен байланысты, және оның әсері аяқталғаннан бастап 3 айдан аспауы тиіс [25,26]. Стрестің организмге салдары жүйке жүйесінің жалпы қозуы, кешкі ұйықтау кезінде ұйқыға кетудің қиындауы немесе жиі түнгі оянулар болып табылады. Бейімделу инсомниясы ұйқы бұзылысының ең жиі және кең таралған түрі болып табылады. Ол өз кезегінде жүйке жүйесін кешкі уақытта белсенуіне әкеліп, науқас өзін тез ұйықтатуға тырысқанмен одан сайын ұйқы бұзылуының ушығуына және келесі күнге алаңдаушылықтың күшеюіне әкеп соқтырады.

## МАҚАЛАЛАРҒА ШОЛУ

Психофизиологиялық немесе "зерделенген" инсомния дамиды, ол стресстік фактордың жоқтығына қарамастан ұзақ уақытқа созылуы мүмкін [27].

Ұйқы жүйесінің адаптациялық (антистрессорлық) функциясы ағзаның қоршаған ортаға бейімделуін жақсартуға мүмкіндік береді және әр түрлі күйзеліске төзімділікті қалыптастырады. Бұл жүйенің ерекшелігі-ол ұйқы кезінде белсенді жұмыс істейді, тіпті стрессор әсері жоқ болсада. Көп жағдайларда стресстік жағдайлар үреймен сүйемелденуі мүмкін. Үрей екі компоненттен тұрады: физиологиялық сезімдерді (жүрек қағу, тершендік, жүректің айнуы және т.б.) сезіну және үрей фактісін сезіну. Кейбір зерттеушілердің пікірінше үрей бірнеше эмоцияның комбинациясынан тұрады, олар алаңдаушылық-қорқыныш, қайғы, ұят және кінәлау сезімі. Стресс кезінде үрейдің клиникалық көрінісі ұйқының бұзылуларын міндетті түрде қосады. Үрейлі бұзылулар кезінде ұйқы бұзылуы 44-81% жағдайда анықталады. 68% — да олар үрейдің дамуымен бір мезгілде, ал 15% - да үрейдің басталуынан кейін пайда болады [26,27].

Күйзелістен туындаған ұйқының бұзылуын емдеу, бірінші кезекте, емнің дәрілік емес әдістерден бастау қарастырады- ұйқы гигиенасын сақтау, бір уақытта ұйықтау және тұру, күндізгі ұйқыны, әсіресе күннің екінші жартысында алып тастау, түнде шай немесе кофені қолданбау, стресстік жағдайларды, әсіресе кешкі уақытта ақыл-ой жүктемесін азайту, кешкі уақытта, бірақ ұйқыға дейін үш сағаттан кешіктірмей дене жүктемесін жасамау, ұйқы алдында су процедураларын жүйелі түрде пайдалану. Егерде дәрілік емес әдістер көмектеспесе (созылмалы инсомния кезінде) дәрілік емдеу әдістері қолданылады, бұл кезде қысқа курсты (3-4 апталық) гипнотиктерді адаптагенді дәрілермен қоса тағайындайды [28,29].

Әскери қызмет уақытша дезадаптация жағдайындағы стрессогендік фактор ретінде

Әскери қызметкерлерде стресс әскерге шақырғаннан басталады. Бұл кезде тұлғаның стресстік жағдайды жеңе алмауының себептерінің бірі оның әлі жетілмегендігі, яғни 18-19 жастағы жас адамдардың мінез-құлқының әлі толық қалыптаспағандығы, сол себепті осының салдары ретінде жиі жасырын депрессия дамуы мүмкін. Бұл жағдай көптеген психовегетативтік көріністермен көрінуі көрінеді, яғни әр түрлі локализациядағы ауру сезімі, бас, жүрек маңы ауру сезімі, ас-қорытудың бұзылуы, жиі зәр шығару, тыныс алудың жиелеуі, тершендік немесе ауыздың құрғауы, денедегі дірілдер, инсомния, көңіл-күйдің алмасып тұруы, жиі ашулану, үрей сезімі, қайғыға бату. Бұл өз кезегінде оларда логикалық емес, шындыққа жанаспайтын ойлардың пайда болуымен әкеп соқтырады. Сол себепті осы жағдайлады болдырмау және алдын – алу мақсатында жедел әскери қызметің өтеп жүрген солдаттардың моральді- психикалық жай-күйін көтеріп, психологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету керек [30,31].

Қол жетімді ғылыми әдебиеттерде Қазақстан Республикасының қарулы күштер құрамындағы жедел әскери қызметін өтеп жүрген солдаттардың уақытша дезадаптация жағдайында стрессогендік фактордың әсеріне байланысты жүйке жүйесінің және вегетативті реттелудің жай –күйі туралы мәліметтер жоқ.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Караяни А.Г., Сыромятников И.В. *Прикладная военная психология*. – Санкт-Петербург. - 2006. – С. 480.
2. Сыромятников И.В. *Организация психологической работы в воинской части в мирное время // учеб.пособие*. М.:ВУ. - 2000. – С. 152.
3. Селье Г. *Стресс без дистресса // Книга по Требованию*. - Москва. - 2012. - С. 66.
4. Брайт Д., Джонс Ф. *Стресс. Теории, исследования, мифы // Прайм-Евразия*. – Санкт-Петербург. - 2003. - С. 352.
5. Оконов Д.А. *Общие предпосылки исследования понятия стресса в современной психологии // Журнал научных публикаций аспирантов и докторантов*. - 2007. URL: <http://www.jurnal.org>.
6. Лазарус Р.С. *Теория стресса и психофизиологические исследования // Эмоциональный стресс*. Под ред. Л. Леви. Медицина. - 1990. - С. 209.
7. Гринберг Дж. *Управление стрессом // 7-е изд. Санкт-Петербург*. - 2002.
8. Китаев-Смык Л.А. *Стресс войны: Фронтвые наблюдения врача-психолога // М-во культуры РФ. Рос.ин-т культурологии*. Москва. - 2001. - С. 80.

## МАҚАЛАЛАРҒА ШОЛУ

9. Судаков К.В. Эмоциональный стресс // Эмоциональный стресс: Физиологические и медико-социальные аспекты. Харьков. - 1990. - С. 12-18.
  10. Равочкин Н. Н., Клеценегов А. С. Стресс: эмоциональная составляющая // Молодой ученый. - 2016.
  11. Коган Б.М. Психоэмоциональный стресс / Социальный стресс и психическое здоровье. // Под ред. Академика РАМН проф. Т.Б. Дмитриевой и проф. А.И. Воложина. ГОУ ВУНМЦ МЗ РФ. - Москва. - 2001. - С. 101-102.
  12. Лебедев И.Б. Психологические основы стресс преодолеляющего поведения // «Единение». Москва. - 2000. - С. 160.
  13. Леонтьев О.В. Функциональное состояние военнослужащих при экстремальных условиях. Прогнозирование возникновения вегетативных дисфункций и их коррекция. Автореф. дис. д-ра мед. наук. - Санкт-Петербург. - 2000.
  14. Марищук В.Л., Евдокимов В.И. Поведение и саморегуляция человека в условиях стресса // Издательский дом «Сентябрь». - Санкт-Петербург. - 2001.
  15. Савченков Ю.И. Основы психофизиологии: учеб. Пособие // Феникс. - Ростов-на-Дону. - 2007. - С. 267-271.
  16. Судаков К.В. Стресс: постулаты, анализ с позиций общей теории функциональных систем. Патологическая физиология и экспериментальная терапия. - 1992. - № 4. - С. 86-93.
  17. Вейн А.Н., Соловьева А.Д., Колосова О.А. Вегетососудистая дистония // Медицина. - 1981. - С. 318.
  18. Судаков К.В. Фундаментальные системы организма // Медицина. - Москва. - 2001. - С. 232.
  19. Ермолаева А.И., Баранова Г.А. Вегетативная нервная система и вегетативные нарушения // Учебное пособие. - Пенза. - 2005. - С. 4.
  20. Красноперова Т.В. Вариабельность ритма сердца и центральная гемодинамика у высококвалифицированных спортсменов с разной активностью вегетативной регуляции: Автореф. дис.,... канд. биол. наук. - Киров. - 2005. - С. 20.
  21. Маркин С.П. Современный взгляд на проблему сна // Методические рекомендации. - Москва. - 2010. - С.46.
  22. M. Frank. The mystery of sleep function: current perspectives and future directions // Rev Neurosci. - 2006. - I. 17. - № 4. - P. 375-392.
  23. Маркин С.П. Современный взгляд на проблему сна // Методические рекомендации. Москва. - 2010. - С. 52.
  24. Visceral signals reach visual cortex during slow wave sleep: study in monkeys / I. Pigarev, H. Almirall, M. Pigareva et al. // Acta Neurobiol Exp. - 2006. - I. 66. - № 1. - P. 69-73.
  25. Полуэктов М.Г. Адаптационная или острая инсомния // Фарматека. Психиатрия и неврология. - 2012. - № 3. - С. 37-42.
  26. Sleep drives metabolite clearance from the adult brain / L. Xie, H. Kang, O. Xu et al. // Science. - 2013. - V. 342. - I. 6156. - P. 373-377.
  27. Стрыгин К.Н. Сон и стресс // Рос. физиол. журн. им. И. М. Сеченова. - 2011. - № 4. - С. 422-432.
  28. Рачин А. П. Терапия расстройств сна: классификационный и аналитический подходы // Справочник поликлинического врача. - 2007. - № 6. - С. 64-69.
  29. Соколова Л.П., Кислый Н.Д. Нарушения сна у пожилых: особенности терапии // Consilium medicum. - 2007. - Т. 9. - № 2. - С. 133-137.
  30. Ответчиков А.В. Психические состояния военнослужащих в особых условиях ведения боевых действий // ЮНИТИ-ДАНА. - Москва. - 2002. - С. 591.
  31. Психотехнологии в социальной работе // МАПН, ЯрГУ. - Ярославль. - 2005. - С. 272.
- Хат жазуға арналған автор: Шарапатов Амина Ахметгуллаевна, магистрант, кафедра неврологии, НАО «МУА», e-mail: [aminka.sharapatova@mail.com](mailto:aminka.sharapatova@mail.com), тел: 87054276549

# ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ГИГИЕНА. САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Поступила в редакцию 15.02.2019

МРНТИ 76.33.37

УДК 613.693:159.944.4

## ПРОИЗВОДСТВЕННО - ОБУСЛОВЛЕННЫЙ СТРЕСС СПЕЦИАЛИСТОВ АО «КАЗАВИАСПАС»

**Г.Н. Шайзадина, А.А. Мусина, Г.Р. Дуйсекенова**

НАО «Медицинский университет Астана», Астана, Казахстан

Проблема профессионального стресса в летной деятельности имеет свою специфику, которая определяется экстремальными факторами рабочей обстановки и проявляется в характерных реакциях на их воздействие.

**Ключевые слова:** стресс, самочувствие, активность, настроение, реактивная и личностная тревожность, эмоциональное выгорание.

## INDUSTRIAL STRESS OF SPECIALISTS OF «KAZAVIASPAS» JSC

**G. Shayzadina, A. Mussina, G. Duysekenova**

N-CJ-SC “Astana Medical University”, Astana, Kazakhstan

The problem of occupational stress in flight activity has its own specificity, which is determined by the extreme factors of the working environment and is manifested in characteristic reactions to their impact.

**Keywords:** stress, well-being, activity, mood, reactive and personal anxiety, emotional burnout.

## КАЗАВИАСПАС» АҚ МАМАНДАРЫНЫҢ АРАСЫНДА ӨНДІРІС БАРЫСЫНДА ТУЫНДАҒАН КҮЙЗЕЛІС

**Г.Н. Шайзадина, А.А. Мусина, Г.Р. Дуйсекенова**

«Астана медицина университеті» КеАҚ, Астана, Қазақстан

Ұшу қызметіндегі кәсіптік күйзеліс мәселесі жұмыс ортасының экстремалды факторлар арқылы анықталу және олардың әсеріне тән реакциялармен көріну ерекшелігіне ие.

**Түйін сөздер:** стресс, хал-жағдай, белсенділік, көңіл-күй, реактивтік және жеке мазасыздық, эмоциялық күйзеліс.

В последние годы в зарубежной и отечественной литературе широко обсуждается проблема влияния профессионального стресса на психическое здоровье работающих [1-3]. Интерес исследователей возрос к вопросам, связанным со стрессом и механизмам формирования стрессоустойчивости человека в различных профессиях [3-5]. Профессиональная деятельность летчиков спасательной службы характеризуется сложностью, высокой степенью опасности труда, значительной ответственностью, а также завышенными требованиями к состоянию психического и физического здоровья [6-8]. Крайняя сложность профессиональной деятельности летного состава обусловлена с одной стороны специфическими условиями среды, в которой выполняются полеты, с другой стороны - сложностью самой профессиональной деятельности летного состава во время выполнения полетного задания. Работа летчика-спасателя протекает в необычных условиях: необходимость поддерживать интенсивность и концентрацию внимания, трудности работы в ограниченном пространстве, высокая ответственность за свои действия, предельная точность действий и решений [8-10]. Обеспечение безопасности полетов и качество выполнения трудовых задач в последнее время связывают не только с характеристиками авиационной техники, уровнем квалификации, теоретической и практической подготовкой авиационного специалиста, но и с особенностями его психического и личностного статуса, ролью индивидуально-

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ГИГИЕНА. САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

психологических характеристик [11-12]. Психологические трудности в работе летчиков - спасателей связаны с принятием оперативных решений в очаге чрезвычайной ситуации, неполной и противоречивой информацией об обстановке, в которой придется действовать, дефицитом времени и средств, экстремальными условиями работы [13]. Специфические условия среды профессиональной деятельности летчиков, на фоне меняющихся условий, оказывают выраженное влияние на функциональное состояние, уровень профессиональной работоспособности и величину психофизиологических резервов организма [14,15]. Именно поэтому, изучение личностных особенностей и психофизиологического состояния летчиков-спасателей приобретает особую актуальность.

### **Цель**

Оценить производственно – обусловленный стресс специалистов АО «Казавиаспас».

### **Материалы и методы**

Исследования проведены у 50 специалистов летного состава «Казавиаспас» города Астана (Eurocopter Kazakhstan Engineering) в возрасте  $46,6 \pm 1,09$  лет со стажем работы  $20,33 \pm 1,33$  лет. Для оценки профессионального стресса применялись следующие методы: «самочувствие, активность, настроение» (САН) В.А. Доскина; «реактивная и личностная тревожность» (РТ и ЛТ) Ч.Д. Спилбергера- Ю.Л. Ханина ; и «диагностика эмоционального выгорания» В.В. Бойко.

Математико-статистическая обработка результатов обследования проводилась по общепринятым методикам с определением средней арифметической ( $M$ ), ошибки средней арифметической ( $m$ ) с использованием вариационной статистики. Достоверность различий оценивалась по общеизвестным критериям Стьюдента.

### **Результаты и обсуждение**

Результаты исследования летчиков по методике «САН» были распределены по возрастным группам: "30-40 лет" ( $n=12$ ), "41-50 лет" ( $n=23$ ), "51 и выше" ( $n=15$ ). У всех исследуемых групп по показателям «самочувствия, активности и настроения» проводили в начале и в конце рабочей недели.

В возрастной группе "30-40 лет" все показатели имели достоверно значимые различия в начале и в конце рабочей недели: самочувствие к концу недели снижалось  $t = 3,680$  при  $p < 0,01$ ; активность снижалась к концу недели  $t = 3,37$ ,  $p < 0,01$ ; настроение также снижалось к концу рабочей недели,  $t = 2,419$ ,  $p < 0,05$ .

В возрастной группе "41-50 лет" показатель активности в начале и в конце рабочей недели имеет достоверное различие:  $t = 3,149$ ,  $p < 0,01$ . В то время как остальные показатели изменились незначительно.

В возрастной группе "51 и выше" показатель самочувствия к концу рабочей недели статистически увеличивается по отношению с началом рабочей недели:  $t = 2,252$ ,  $p < 0,05$ .

Показатели личностной тревожности в группе «30-40 лет» в начале рабочей недели составляла 33,5, в конце рабочей недели - 27,5, достоверно значимые различия:  $t = 3,68$ ,  $p < 0,01$ .

В возрастной группе «41-50 лет» ЛТ снижалось от 31,5 до 29,2  $t = 44,5$ ,  $p < 0,05$ . Показатель реактивной тревожности в группе «51 и выше» к концу рабочей недели увеличился по отношению к показателю в начале рабочей недели: с 29,9 до 32,9,  $t = 22$ ,  $p < 0,05$ .

Таким образом, показатели личностной тревожности достоверно снижается, а реактивная тревожность растет, что свидетельствует о возникновении утомления в конце недели .

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ГИГИЕНА. САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Результаты исследования летчиков по «эмоциональному выгоранию» представлены в таблице.

*Таблица - Степень выраженности эмоционального выгорания.*

Фазы	Симптом	Степень выраженности		
		не сформирована	в стадии формирования	сформирована
Напряжения	Переживание психотравмирующих обстоятельств	49 (98%)	1 (2%)	0
	Неудовлетворенность собой	49 (98%)	1 (2%)	0
	Загнанность в клетку	50 (100%)	0	0
	Тревога и депрессия	50 (100%)	0	0
Резистенция	Неадекватное эмоциональное реагирование	19 (38%)	20 (40%)	11 (22%)
	Эмоционально-нравственная дезориентация	32 (64%)	15 (30%)	3 (6%)
	Расширение сферы экономики эмоций	46 (92%)	4 (8%)	0
	Редукция профессиональных обязанностей	27 (54%)	16 (32%)	7 (14%)
Истощения	Эмоциональный дефицит	33 (66%)	16 (32%)	1 (2%)
	Эмоциональная отстраненность	33 (66%)	17 (34%)	0
	Личностная отстраненность	49 (98%)	1 (2%)	0
	Психосоматические и психовегетативные нарушения	50 (100%)	0	0

В зависимости от степени выраженности эмоционального выгорания были сформированы три группы, где симптомы: не сформированы, в стадии формирования и уже сформированы.

Фаза напряжения состоит из симптомов: переживание психотравмирующих обстоятельств, неудовлетворенность собой, загнанность в клетку, тревога и депрессия. Согласно автору данной методики, симптом «переживание психотравмирующих обстоятельств» проявляется осознанием психотравмирующих факторов деятельности, накоплением отчаяния и негодования. У одного из 50 респондентов данный симптом находится в стадии формирования, у остальных – не сформирован.

Фаза резистенции включает такие симптомы: неадекватное эмоциональное реагирование, эмоционально-нравственная дезориентация, расширение сферы экономики эмоций, редукция профессиональных обязанностей.

Выраженность симптома «неадекватное эмоциональное реагирование» показывает, что специалисты перестают улавливать разницу между двумя принципиально отличающимися явлениями: экономическое проявление эмоций и неадекватное избирательное эмоциональное реагирование, демонстрируя последнее. Как видно из таблицы, данный симптом сформирован у 11 (22%) респондентов, находится в стадии формирования у 20 (40%) специалистов и не сформирован у 19 (38%) специалистов.

Симптом «эмоционально-нравственная дезориентация» проявляется в ненадлежащем эмоциональном отношении к окружающим людям. Данный симптом сформирован у 3 (6%), в стадии формирования у 15 (30%) респондентов, у 32 (64%) не сформирован.

Симптом «расширение сферы экономики эмоций» не сформирован у большинства респондентов – 46 (92%), только у 4 (8%) в стадии формирования. Этот симптом проявляется вне профессиональной деятельности, то есть его сформированность



## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ГИГИЕНА. САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

означает, что уставший от разговоров, контактов на работе специалист, дома не желает вступать в контакт с родными и близкими.

Развитие симптома «редукция профессиональных обязанностей» проявляется в попытке облегчить или сократить обязанности, которые требуют эмоциональных затрат. Симптом сформирован у 7 (14%) специалистов, у 16 (32%) находится в стадии формирования и у 27 (54%) не сформирован.

Фаза истощения характеризуется такими симптомами: эмоциональный дефицит, эмоциональная отстраненность, личностная отстраненность, психосоматические и психовегетативные нарушения.

Симптом «эмоциональный дефицит» проявляется в уверенности, что эмоционально человек уже не может помогать субъектам своей деятельности, не в состоянии войти в их положение, соучаствовать, сопереживать, отзываться на ситуации, которые должны побуждать, усилить интеллектуальную, волевую и нравственную отдачу. Эмоциональный дефицит наблюдается у 1 респондента, у 16 (32%) находится в стадии формирования, не наблюдается у 33 (66%) респондентов.

При формировании симптома «эмоциональная отстраненность» человек постепенно начинает работать как «бездушный автомат», почти полностью исключает эмоции из сферы профессиональной деятельности. Реагирование без чувств и эмоций – наиболее яркий симптом «выгорания». Данный симптом в стадии формирования у 17 (34%) респондентов, не сформирован у 33 (66%) специалистов.

«Личностная отстраненность» является симптомом, при котором личность начинает утверждать, что работа с людьми не интересна, не доставляет удовольствия, не представляет социальной ценности. Данный симптом в стадии формирования у 1 человека, у 49 специалистов не сформирован.

Симптом «психосоматические и психовегетативные нарушения» не сформированы ни у одного специалиста.

Корреляционный анализ между симптомами эмоционального выгорания с возрастом и стажем работы летчиков показал отсутствие зависимости. Это свидетельствует о том, что развитие эмоционального выгорания не зависит от возраста и стажа работы, а может зависеть от других факторов, таких как психологическое состояние специалиста или проблемы личного характера.

### **Заключение**

Таким образом, у летчиков показатели САН, ЛТ достоверно снижаются во всех возрастных группах в конце рабочей недели, что свидетельствует об их утомлении. РТ увеличивается к концу рабочей недели, что свидетельствует о беспокойстве, снижении работоспособности к концу рабочей недели. По синдрому эмоционального выгорания, можно утверждать о влиянии профессионально-обусловленных стрессовых факторов на развитие эмоциональной нестабильности, неадекватного отношения при возникновении определенных ситуаций, требующих эмоциональных затрат.

### **Список литературы**

1. Капцов В.А., Вильк М.Ф., Панкова В.Б. Оценка профессионального риска у работников транспорта // Гигиена и санитария. – 2011. - № 1. - С. 54-55.
2. [Massoud Bazargan Vitaly S. Guzhva](#), Impact of gender, age and experience of pilots on general aviation accidents//Accident Analysis & Prevention. - May 2011. - Volume 43, Issue 3. - P. 96.
3. Яхно А. А. Профессиональный стресс и эмоциональное выгорание в системе здравоохранения Российской Федерации // Альманах сестринского дела. – 2009. – № 2. – С. 34–39.
4. Зеленова М.Е. Индивидуальный стиль саморегуляции как внутренний ресурс стрессоустойчивости субъектов трудовой деятельности // Социальная психология и общество. – 2013. - № 1. - С. - 69-80.
5. Дикая Л.Г. Социально-психологические и личностные аспекты саморегуляции функционального состояния человека // Актуальные проблемы психологии труда, инженерной психологии и эргономики. - М., 2012. - Вып. 4. - С. - 163-181.

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ГИГИЕНА. САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

6. Волкова Л.М., Голубев А.А. Самоконтроль физического состояния будущих специалистов гражданской авиации//Здоровье - основа человеческого потенциала: проблемы и пути их решения. - 2015. - № 10 (1). - С. 278-281.

7. Исследование профессионального здоровья летчиков в процессе клинико-психологической экспертизы/Бодров В.А., Зеленова М.Е., Лекалов А.А. и др. //Актуальные проблемы психологии труда, инженерной психологии и эргономики. – 2012. - Вып. 4. - 381-415.

8. Пантюхов А. П., Соколов Ю. А. *Авиационная медицина*. – Минск: БГМУ, 2013. - С. - 14-15.

9. Алляров П.Р., Мельцер А.В. Гигиеническая оценка условий труда и профессионального риска у лётного состава гражданской авиации // Здоровье – основа человеческого потенциала: проблемы и пути их решения. - 2015. - № 1. - С. 419-420.

10. Risk factors for fatigue among airline pilots/[van Drongelen A.](#), [Boot C.R.](#), [Hlobil H.](#) et al.//[International Archives of Occupational Environmental Health](#). - 2017 Jan. – V. 90 (1). – P. 39-47.

11. Сиваш О. Н. Личностно-ориентированная экспертиза профессиональной пригодности летчиков//Актуальные проблемы психологии труда, инженерной психологии и эргономики. - 2009. - Вып.1. - С. - 534-560.

12. Зеленова М.Е., Социально-психологические факторы регуляции профессионального здоровья летчиков//Социальная психология и общество. - 2014. - № 5-1. - С. - 54-74.

13. Вишневская М.В. *Диагностика нарушений адаптации у спасателей и их коррекция на санаторном этапе реабилитации*. – М., 2009. - 115 с.

14. Евдокимов В.И. О психопрофилактике психогенно обусловленных расстройств у авиационных специалистов// Военно-медицинский журнал. – 2007 – № 7. - С. - 62-65.

15. Богданова Е. В. Профилактика эмоционального выгорания как условие профессионального развития и саморазвития сотрудников ГАУЗ «РЦПБ СПИД И ИЗ МЗ РТ» // Социальное благополучие человека в современном мире: сборник материалов Международной научной школы. – Казань: Изд-во КНИТУ, 2014. – С. 29–33.

Автор для корреспонденции: Шайзадина Гульнара Нургалиевна, профессор кафедры гигиены АО «МУА»; [shgn2@mail.ru](mailto:shgn2@mail.ru)

Редактор алған 20.03.2019

ҒТАМБ 76.33.33

ӘОЖ 616-071.1

## ӨКПЕНІҢ СОЗЫЛМАЛЫ ОБСТРУКТИВТІ АУРУЛАРЫН ТУЫНДАТАТЫН НЕГІЗГІ ӨМІР СҮРУ САЛТЫ СЕБЕПТЕРІНІҢ ӨНДІРІСТІК ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ТАРАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

М.А. Булешов, Н.А. Айтымбетова, А.М. Булешова, С.А. Туктибаева, Д.М. Булешов

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік-университеті, Түркістан қаласы, Қазақстан

Бұл мақалада экологиясы айтарлықтай нашарлаған Шымкент қаласының обструктивтік бронхитпен ауыратын тұрғындарының өмір сүру салты мен зиянды әдеттерінің қалыптасуына тигізетін теріс әсерлері көрсетілген. Осы зиянды және обструктивтік бронхитке алып келетін себептердің профилактикасын ұйымдастыру бағдарламасын құрастыру барысында анықталған себептердің қатерлілік қуатын есепке алу қажет.

Кілтгі сөздер: денсаулыққа зиянды өмір сүру салты себептері, экология, зиянды әдеттер, қатерлілік қуаты.

## PREVALENCE OF MAJOR LIFE REASONS, PROMOTING THE OCCURRENCE OF OBSTRUCTIVE LUNG DISEASES, AMONG THE POPULATION OF INDUSTRIAL CITY

M. Buleshov, N. Aytymbetova, A. Buleshova, S. Tuktibaeva, D. Buleshov

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ГИГИЕНА. САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

International Kazakh-Turkish University named after H.A. Yasavi, Turkistan, Kazakhstan

The scientific work discusses the main negative factors of lifestyle, leading to the development of chronic obstructive bronchitis among the population of the city of Shymkent, where ecological and hygienic living conditions are significantly degraded. To develop a scientifically based program for the prevention of obstructive bronchitis, the degree of risk of each factor leading to the development of respiratory system disease has been established.

**Key words:** negative lifestyle factors, ecology, unhealthy risk factors, risk levels.

### РАСПРОСТРАНЕННОСТЬ ОСНОВНЫХ ПРИЧИН ОБРАЗА ЖИЗНИ, СПОСОБСТВУЮЩИХ ВОЗНИКНОВЕНИЮ ОБСТРУКТИВНЫХ БОЛЕЗНЕЙ ЛЕГКИХ, СРЕДИ НАСЕЛЕНИЯ ИНДУСТРИАЛЬНОГО ГОРОДА

**Булешов М.А., Айтымбетова Н.А., Булешова А.М., Туктибаева С.А., Булешов Д.М.**

Международный Казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави, Туркестан, Казахстан

В научной работе обсуждаются основные негативные факторы образа жизни, приводящих к развитию хронического обструктивного бронхита среди населения городе Шымкента, где эколого-гигиенические условия проживания значительно деградировано. Для разработки научно обоснованной программы профилактики обструктивного бронхита установлена степени риска каждого фактора, приводящего к развитию болезни дыхательной системы.

**Ключевые слова:** негативные факторы образа жизни, экология, вредные для здоровья факторы риска, степени риска.

#### **Зерттеу жұмысының өзектілігі**

Денсаулыққа қатерлі әсер ететін себептердің ішінде зиянды өмір сүру салты мен экологиялық-гигиеналық себептердің алатын орны ерекше. Ғалымдардың осы бағыттағы жүргізген зерттеу жұмыстары, тұрғындар өкпесінің созылмалы обструктивті ауруларының туындауына селителік аумақтың қоршаған ортасының ластануы айтарлықтай үлесін қосатындығын көрсетті [1,2]. Қоршаған орта нысандарының химиялық поллютанттармен жоғарғы дәрежеде ластануы, тұрғындардың патологиялық себептердің әсеріне тұрақтылығын күрт нашарлатып, тыныс алу жолдарын зақымдайды. Өмірлік маңызы үлкен ағзалардың қалыпты жұмысын ауытқытып, өткір сырқаттар мен созылмалы бейэпидемиялық патологиялардың туындауына алып келеді [3-5].

Аталған өзекті мәселелерді шешуге бағытталған жұмыстарды іске асыру, кешенді бағдарламалар құрастыру, білікті мамандарды даярлап, арнайы инженерлік техникалық және санитарлық аппараттар мен қондырғыларды қолдануды қажет етеді [6,7].

#### **Зерттеудің мақсаты**

Өкпенің созылмалы обструктивті ауруларын туындататын негізгі өмір сүру салты себептері мен экологиялық-гигиеналық қатерліліктерінің өндірістік қала тұрғындары арасындағы таралу ерекшеліктерін анықтау.

#### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Зерттеу материалдары ретінде Шымкент қалалық денсаулық сақтау басқармасының 2016-2018 жылдардағы ресми медициналық-статистикалық деректері, ауруханалық және емханалық ұйымдардың қызметтік есептері алынды. Зерттеу бірлігі ретінде амбулаторлық-емханалық мекемеге созылмалы аурулары анықталған 16-75 жасқа дейінгі тұрғындардың денсаулық көрсеткіштері алынды. Зерттеу базалары болып қалалық амбулаторлық-емханалық ұйымдар қарастырылды.


Өкпенің созылмалы обструктивті ауруларының деңгейі әлеуметтік-гигиеналық және экологиялық жағдайларға байланысты түрлі дәрежеде қалыптасуы қатерлі

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ГИГИЕНА. САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

себептердің деңгейімен байланысы корреляциялық сараптау жолымен бағаланды [8-10]. Қаланың әртүрлі селитебтік экологиялық аймақтарында қалыптасқан аурушандық көрсеткішінің динамикасына, салыстырмалы деңгейіне және нақты орта шамаларының қалыптасуына қауіп-қатерлерлік себептердің тигізетін әсерін сандық және сапалық тұрғыда анықтауға жол ашылды.

### Зерттеу нәтижелері

Эпидемиологиялық зерттеу барысында ӨСОА – ның туындауына алып келетін негізгі қатерлі себептердің таралу жиілігіне баса көңіл бөлдік. Көптеген ғылыми зерттеу нәтижелері бронх – өкпе жүйесі ауруларының қалыптасуына өмір сүру салты себептеріне жататын зиянды әдеттердің қосатын үлесі өте үлкен екендігін көрсетті. Біздің жүргізген популяциялық зерттеуіміз темекі шегу әйелдер мен ер кісілердің барлық жастың топтарында жоғары екендігін байқатты (1 сурет). Орта есеппен темекі шегу оқиғалары ер кісілердің арасында  $49,72 \pm 4,1\%$  құраса, әйелдердің арасында  $16,3\%$  жетті.




Сурет 1 - Қалалық популяциядағы темекі шегу оқиғаларының жыныстық және жастық ерекшеліктері (% есептегенде).

Мектеп жасындағы балалардың арасында, оның ішінде 7-9 жастағы оқушылардың арасындағы ер балалардың темекі шегу жиілігі  $1,47\%$  - ал қыздардың арасында  $0,89\%$  құрады. 10-14 жас аралығындағы ер балалар арасында темекі шегу жиілігі  $13,92\%$  -ға жетсе, қыздар арасында  $4,25\%$  құрады. Жасөспірімдер арасында темекі шегу оқиғалары одан ары жоғарылап жігіттер арасында  $30,12\%$ , қыздар арасында  $21,34\%$  құрады. 20 жастан 49 жасқа дейінгі аралықта ер кісілер арасындағы темекі шегу жиілігі  $43,65\%$  - дан  $66,88\%$  -ға дейін сатылап өссе, әйелдер арасында  $19,71\%$  - дан  $13,11\%$  дейін бірте – бірте төмендейді. Осы жағдай әйелдердің өз денсаулығына деген жауапкершілігі ер кісілерге қарағанда жасы ұлғайған сайын арта түсетіндігін көрсетеді. 60 жастан кейін ер кісілердің арасындағы темекі шегетіндердің де үлес салмағы да төмендей бастады. Бұл жағдай ер кісілер арасындағы салауатсыз өмір сүретіндердің денсаулығы нашарлап, өлім-жетімге көптеп ұшырайтындығымен түсіндіруге болады.


Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы мен темекі шегудің арасындағы байланысты зерттеудің маңызы өте үлкен. Осы арқылы темекі шегудің осы аурудың қалыптасуына қосатын үлес салмағын анықтауға жағдай туды (2 сурет). Темекі шегетін және шекпейтін ер кісілер арасында ӨСОА – ның жастық топтар бойынша таралу жиілігін зерттеу, барлық топтарда ӨСОА – ның деңгейі темекі шегетіндер арасында оны шекпейтіндерге қарағанда нақты жоғары екендігін көрсетті ( $p < 0,001$ ).

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ГИГИЕНА. САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ



Сурет 2 - Темекі шегетін және шекпейтін ер кісілер арасындағы ӨСОА – ның таралу жиілігі (% есептегенде).

Темекі шегетіндердің жасы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ӨСОА – ның таралу деңгейі де өсе түседі. Осылайша, 30-39 жастағы темекі тартатын ер кісілер арасында ( $19,42 \pm 1,79\%$ ) темекі тартатындарға қарағанда ( $3,34 \pm 0,21\%$ ) 5,8есе жоғары болса, 40-49 жастағылар ( $29,87 \pm 2,2\%$  және  $3,74 \pm 0,31\%$ ) арасында 7,9 есе, 50 – 59 жастағылар арасында ( $49,13 \pm 4,2\%$  және  $4,02 \pm 0,36\%$ ) 12,2 есе, 60 жастан асқандар арасында ( $62,73 \pm 5,29\%$  және  $5,94 \pm 0,49\%$ ) 10,6 есе жоғары болып шықты. Ал темекі шегушілердің жасы ұлғайған сайын да ӨСОА –мен науқастанудың нақты артып отырғандығы анықталды. Мысалы 30-39 жастағылар арасында  $19,42 \pm 1,76\%$  40-49 жастағылар арасында  $29,87 \pm 2,2\%$ , 50-59 жастағылар арасында  $49,13 \pm 4,2\%$  және 60 жастан асқандар арасында  $62,73 \pm 5,29\%$  болып сатылай өскен. Басқаша айтқанда 40-49 жастағылар арасында 30-39 жастағылар арасына қарағанда 10,45%-ға, 50-59 жастағылар арасында 40-49 жастағылар арасындағы деңгейге қарағанда 19,26%-ға, ал 60 жастан асқандарда 50-59 жастағылар арасына қарағанда ӨСОА –ының деңгейі 13,6%-ға жоғарылады. Көрсеткіштер айырмашылығының нақтылығы  $p < 0,001$  немесе өте жоғары деп айтуға болады. Темекі шегетін және шекпейтін әйелдер арасындағы жастық топтарда да ӨСОА –ының таралу заңдылықтары да ер кісілердің көрсеткіштеріне ұқсас келеді.




Сурет 3 - Темекі шегетін және шекпейтін әйелдердің жастық топтарында ӨСОА-ның қалыптасу деңгейі (% есептегенде).

Алайда әйелдердің жастық топтарындағы ӨСОА –ның қалыптасуындағы айырмашылықтары да жоғары дәрежедегі нақтылық баайқалмайды. 30-39 жастағы әйелдер арасындағы темекі шегетіндердің  $17,93 \pm 1,62\%$ -ында ӨСОА –ы анықталса, темекі шекпейтіндер арасында оның таралу деңгейі  $5,18 \pm 0,46\%$  түседі. Басқаша айтқанда темекі шегетіндер мен шекпейтіндер арасындағы нақты және 3,5 есеге

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ГИГИЕНА. САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ


жетеді, ал 40-49 жастағылар арасында ( $27,64 \pm 2,49$  және  $8,93 \pm 0,72\%$ ) 3,09 есеге, ал 60 жастан асқандар арасында ( $36,05 \pm 3,07$  және  $12,38 \pm 1,12\%$ ) 2,9 есеге артық деңгейде қалыптасқан.



Сурет 4 - ӨСОА – ның ер кісілер мен әйелдердің білім деңгейіне қарай таралуы (%).

Әйелдердің жастық топтарының деңгейі артқан сайын темекі шегетін әйелдер арасындағы ӨСОА – ның таралу жиілігі өскенмен олардың арасындағы айырмашылық нақтылығы аса жоғары емес ( $p < 0,005$ ). Өкпенің созылмалы обструктивті ауруының қалыптасуына ер кісілер мен әйелдердің білім деңгейі де әсер етеді деген ғалымдардың деректерін тексеріп көрдік (3 сурет).

Біздің алған социологиялық мәліметтеріміз осы қағиданы дәлелдейді. Ер кісілер ( $32,48 \pm 2,98$ ) мен әйелдердің ( $25,12 \pm 1,83$ ) білімдерінің аяқталмаған орташа болуына байланысты ӨСОА – мен науқастануы, олардың білімінің орта ( $19,52 \pm 1,56$  және  $7,94 \pm 0,62$ ) және жоғары ( $9,74 \pm 0,83$  және  $3,87 \pm 0,26$ ) болуына қарағанда айтарлықтай немесе нақты ( $p < 0,05$ ) жоғары. Осы жерде айта кететін мәселе, ер кісілердің білім деңгейі әйелдердің білімімен тең болуына қарамастан олардың ӨСОА – мен науқастану жиілігі нақты ( $p < 0,05$ ) болып шықты. Осы жерде, ер кісілердің өмір сүру салты, тұқым қуалағыштық қасиеті, отбасылық жағдайы, еңбек ету ортасы әйелдерге қарағанда анағұрлым қауіп – қатерді көп туғызады.




Сурет 5 - ӨСОА –ның дамуына әйелдер мен ер кісілердің тұқым қуалағыштық қасиетінің тигізімін әсері (% есептегенде).

Жоғары тыныс жолының аурулары ӨСОА-ның қалыптасуына және одан ары асқынуына алып келетін қатерлі себептердің бірі болып табылады (12 сурет). Жоғары тыныс жолдарының патологиялары бар ер кісілер ( $36,23 \pm 3,29$ ) мен әйелдердің ( $20,34 \pm 1,87$ ) ӨСОА -мен сырқаттану деңгейі, ондай аурулары жоқ ер кісілер ( $12,09 \pm 1,18$ ) мен әйелдердің ( $8,62 \pm 0,72$ ) аурушандығы нақты жоғары ( $p < 0,05$ ) екендігі анықталды. Осы жерде айта кететін мәселе, жыныстық қатынастың ӨСОА – ның дамуы


## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ГИГИЕНА. САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

мен таралуына қосатын өзіндік үлесі бар екендігі оның ішінде жыныстық топтарда барлық қатерлі себептерді есепке бірдей алуға қарамай, ер кісілердің ӨСОА – мен сырқаттану деңгейі әйелдерге қарағанда нақты жоғары болып отырды. Сондықтан ер кісілер тобына жатудың өзі ӨСОА -ын барынша жоғары көтеретін себеп болып табылады деп тұжырымдауға болады. ӨСОА – ның қалыптасуында өткір респираторлық аурулардың алатын орнын да текселдік (5 сурет). алдыңғы суреттегі деректерде келтірілген заңдылықтар өткір респираторлық аурулардың ӨСОА- ның қалыптасуына қосатын үлесінде де толық қайталанып отыр. Өткір респираторлық инфекциямен жиі сырқаттанатын ер кісілердің ( $33,84 \pm 2,97$ ) және әйелдердің ( $19,38 \pm 1,63$ ) аурушандығы, осы аурулармен сырқаттанатын ер кісілер ( $16,02 \pm 1,46$ ) және әйелдердің аурушандығынан ( $8,64 \pm 0,69$ ) нақты жоғары болып шықты.



Сурет 6 - Отбасылық жағдайына қарай әйелдер мен ер кісілердің ӨСОА-мен сырқаттану жиілігі (%).

Отбасылық жағдайына қарай әйелдер мен ер кісілердің ӨСОА-мен сырқаттану деңгейі зерттеу, бойдақ ер кісілер ( $31,74 \pm 2,69$ ) мен әйелдердің ( $16,93 \pm 1,46$ ) аурушандығы отбасылы ер кісілер ( $15,12 \pm 1,34$ ) мен әйелдердің ( $8,45 \pm 0,68$ ) аурушандығынан нақты жоғары. Осы екі топтағы еркісілердің көрсеткіштері де әйелдер көрсеткішінен салыстырмалы түрде анағұрлым көтеріңкі болып шықты. Біз алкогольдік ішімдікке салынудың ӨСОА-на тигізетін зияндылығын да тексеріп көрдік (7 сурет).



Сурет 7 - Пациенттердің алкогольдік ішімдікке салынуы мен салынбауының ӨСОА-ның қалыптасуына әсері (%).

Салауатсыз өмір сүретін ер кісілер ( $23,39 \pm 2,14$ ) мен әйелдердің ( $13,43 \pm 1,24$ ) аурушандығы алкогольді ішімдікке салынбайтын ер кісілер ( $17,44 \pm 1,56$ ) мен әйелдердің ( $11,92 \pm 1,02$ ) ӨСОА-мен аурушандығынан жоғары болып шықты. Алайда әйелдердің екі тобындағы аурушандық көрсеткіштерінің айырмашылығында шынайылық байқалмайды. Бұл жағдай ӨСОА-мен сырқаттанған ер кісілердің алкогольдік ішімдікке салыну тереңдігі әйелдерге қарағанда анағұрлым күшті деп есептеуге негіз бар. Сонымен тұрғындардың өкпенің созылмалы обструктивтік ауруының қалыптасуына өмір сүру салты себептерінің тигізетін әсері мен ер кісілер

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ГИГИЕНА. САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

қатарына жатудың зияндылығы аса үлкен екен. Сондықтан ӨСОА-ның алдын алуда тұрғындардың өмір сүру салты себептеріне баса көңіл бөлу керектігін ұпытпауымыз қажет. Өмір сүру ортасының экологиялық-гигиеналық ақуалы бірінші кезекте бронх-өкпе жүйесі патологияларының қалыптасуына үлкен үлесін қосады.

Шымкент қаласының атмосфералық ауасының ластану дәрежесіне қарай аумақтарда тұратын тұрғындардың арасында кездескен ӨСОА клиникаға дейінгі және айқын клиникалық топтарының таралу деңгейі 1 кестеде көрсетілген. Бұл кестеге қарағанда атмосфералық ауасы салыстырмалы түрде және кешенді бағалау нәтижесі бойынша таза аумақтың тұрғындары арасында ӨСОА бар тұлғалар 1000 адамға балап есептегенде 897,2% оқиғаны құрады. Олардың арасындағы бронх аурулары туындату мүмкіндігі жоғары қатерлі себептері барлары 1000 адамға **балап есептегенде** 83,1% оқиғаны құрады. Бронхиттің алдындағы жағдай деңгейі 11,7% құрады. Бронхтың созылмалы ауруларының таралу деңгейі 7,4% болып шықты. Бұл деңгейдің 4,5% СОЕБ, 2,3% СОБ, 0,3 % басқа бронх аурулары түзеген.

Атмосфералық ауасы жоғары деңгейде ластанған тұрғын аумақта бронх ауруларының қатері жоқ, дені сау тұрғындардың саны 1000 адамға балап есептегенде 714,2% түзеді. Салыстырмалы тұрғыда таза аумаққа қарағанда дені сау тұрғындардың үл саны 25,6% төмендеген. Керісінше, қатерлі себептері барлар салыстырмалы аумаққа қарағанда 2,7 есеге, бронхиттің алдындағы жағдайлары барлар 4,3 есеге жоғары болып шықты.

*Кесте 1 - Қала аумақтарында атмосфералық ауаның ластану дәрежесіне қарай тұрғындар арасында кездескен бронх ауруларының клиникаға дейінгі және айқын клиникалық топтарының таралу деңгейі (1000 тұрғынға балап есептегенде).*

Денсаулық топтары	Қала тұрғын аумақтары	
	өмір сүруге қауіпсіз аумақ	өмір сүруге қауіпті аумақ
Дені саулар	897,2	714,2
Қатерлі себептері барлар	83,1	223,5
Бронхиттің алдындағы жағдай	11,7	51,4
Бронхтың созылмалы аурулары:	7,4	39,2
- созылмалы обструктивті емес бронхит	4,5	24,1
созылмалы обструктивті бронхит	2,3	14,9
Басқа бронх аурулары	0,3	2,2

Бұл аумақтың жасөспірімдерінде (24,1%) салыстырмалы тұрғыда таза тұрғын аумақтың жасөспірімдеріне қарағанда 4,5% СОЕБ деңгейі 5,4 есе, СОБ деңгейі 6,5 есе жоғары болып шықты. Алынған деректер тұрғындар арасында таралған ӨСО ауруларының қалыптасу деңгейі, құрамы, қоршаған өмір сүру ортасы атмосфералық ауасының ластану дәрежесіне тікелей тәуелді екендігін анықтап отыр.

Сондықтан, ӨСОА-ының алдын-алу шараларының ішінде қоршаған экологиялық органы сақтауға, тазартуға бағытталған шаралар ерекше орын алуы қажет. Математикалық модельдің көмегімен қатерлі себептердің ӨСОА-ның қалыптасуына қосатын үлесін есептеу барысында зерттелген тұрғындардың емханалық ұйымдарға қаралу деректері бойынша анықталған аурушандық көрсеткіші, анамнез және сауалнама деректері қолданылды. Өмір сүру ортасы атмосфералық ауасының ластану дәрежесі интегралды көрсеткіштер арқылы анықталды. Респонденттердің материалдық жағдайы әрбір отбасы мүшесіне балап есептегендегі жанұяның орташа табысы арқылы белгіленді. Сонымен, бронх патологияларын туындататын негізгі қауіп-қатерлердің аурушандық деңгейіне тигізетін әсері мынандай болып шықты. Өмір сүру ортасы атмосфералық ауасының химиялық поллютанттармен ластану дәрежесінен байланысты



## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ГИГИЕНА. САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ӨСОА-ының таралу деңгейі 25,2% өскен, ал ЛОР-ағзаларының патологияларының әсерінен осы жүйе ауруларының деңгейі 5,8% артқан. Темекі тарту оқиғалары да бронх ӨСОА-ның таралуын едәуір жоғарылатады (4,4%).

*Кесте 2 - Тұрғындардың арасында ӨСОА-ны туындатуға үлес қосатын себептердің қатерлілік қуаты (% есептегенде және сандық деңгейі 1000 адамға балап есептегенде).*

Себептердің жекелей және бірлесе әсер етуі	Себептерді таңбалау	1000 адамға балап есептегендегі аурушандық деңгейі	% есептегенде салыстырмалы қауіптілік
Фондық деңгей	$x_0$	127,6	58,1
Атмосфералық ауаның ластану дәрежесі	$x_1$	55,4	25,2
Темекі тартудың әсері	$x_2$	9,7	4,4
Материалдық тұрғыда қамтамасыз етілу жағдайының нашарлығы	$x_3$	2,6	1,2
Өкпе-бронх патологиясының белгілері пайда болғанда дер кезінде дәрігерге қаралмау	$x_4$	8,6	3,9
ЛОР-ағзаларының патологиясы бар	$x_5$	12,9	5,8
Тұқым қуалағыштық қасиеттің әсері	$x_6$	2,7	1,2
Қорытынды деңгей	$x$	219,5	100,0

Бронх жүйесі патологияларының алғашқы белгілері пайда бола сала дәрігерге қаралмау тыныс алу жүйелерінің ауруларының таралуын 3,9% дейін көтереді. Осы патологиялардың таралуына тұқым қуалағыштық қасиеттің тигізетін әсері де (1,2%) және материалдық жағдайдың нашарлығы да (1,2%) белгілі бір деңгейде қатерлілік туғызып, патологиялардың таралуының өсуіне алып келеді.

Сонымен, бронх патологияларының таралуына өзіндік әсерін тигізетін себептердің қатерлілік қуатын және аурушандықтың деңгейіне тигізетін сандық әсерін жетік медициналық статистикалық әдістермен зерттеу, негізгі қатерлі себептердің қатарын және қатерлілік қуатын анықтауға жағдай туғызды.

### Тұжырым

Алынған деректер, ӨСОА-ға байланысты жүргізілетін профилактикалық шаралардың ішінде қоршаған ортаны химиялық поллютанттардан ластанудан сақтаудың, салауатты өмір салтын насихаттаудың, жасөспірімдердің санитарлық білімін жоғарылатудың және тұрмыстық жағдайын арттырудың өте маңызды екендігін көрсетіп, алғашқы профилактикасын ұйымдастыруға негіз болды.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Лечение бронхиальной астмы и хронического обструктивного бронхита методами рефлексотерапии/ Булешов М.А., Ниязбекова Л.С., Жанадилов Ш., Абдухалыков А.М.//III-халықаралық Орталық Азия пульмонологтарының конгрессы. - Кыргызстан, Бишкек, 2000, - 266 с.
2. Глобальная стратегия диагностики, лечения и профилактики хронической обструктивной болезни легких, пересмотр 2003. – Москва: Издательство «Атмосфера», 2003. - С. 33-35, 85-88.
3. American Thoracic Society. Standards for the diagnosis and care of patients with chronic obstructive pulmonary disease//Am. J. Respir. Crit Care Med. - 1995. - № 152. –P. 78-83.
4. Белевский А.С. Хроническая обструктивная болезнь легких// Клинические рекомендации пульмонологии/Под. ред. Чучалина А.Х. – М.: Издательская группа «ГЭОТАРМедиа», 2005. - С. 171-172,207.
5. Авдеев С.Н., Чучалин Д.Г. Дыхательная недостаточность при хронической обструктивной болезни легких//Хронические обструктивные болезни легких. - СПб.: ЗАО "Издательство БИ, "Невский диалект", 1998. - С. 249-270.

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ГИГИЕНА. САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

6. Ботвиньева В.В. Иммунная система при острой и хронических инфекционно-воспалительных болезнях органов дыхания у детей, //Педиатрия. - 1985. - № 1. - С. 21-25.

7. Черняев А.Л. Патогенез и патологическая анатомия легких// Клинические рекомендации ХОБЛ/Под. ред. Чучалина А.Г. – Москва: Издательство «Атмосфера», 2003. – 20 с.

8. Чучалин А.Г., Леценко И. В., Овчаренко С.И. Клинические рекомендации ХОБЛ/Под. ред. Чучалина А.Г. – Москва: Издательство «Атмосфера», 2003. – 7 с.

9. Relation of sputum inflammatory markers to symptoms and lung function changes in COPD exacerbations/ Bhowmik A., Seemungal T.A.R., Sapsford R.J. et al.//Thorax. – 2000. – V. 55. – P. 114-120.

10. British Thoracic Society. 1997. Guidelines for the management of chronic obstructive pulmonary disease//Thorax. – 2000. – V. 52. - SI-S12.

Редактор алған 06.05.2019

ҒТАМБ 76.01.79

ӘОЖ 616.89-008.441.44:614

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҢТҮСТІК АЙМАҚТАРЫНЫҢ ХАЛҚЫН АКУШЕР-ГИНЕКОЛОГ ЖӘНЕ НЕОНТОЛОГ ДӘРІГЕРЛЕРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Л.М. Актаева<sup>1</sup>, Д.Д. Мирзахметова<sup>2,3</sup>, Г.К. Каусова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

<sup>2</sup>Қазақстан медициналық университеті «ҚДЖСМ», Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup>Акушерия, гинекология және перинатология ғылыми орталығы, Алматы, Қазақстан

Сонымен қатар, Алғашқы медициналық-санитарлық көмек дәрігерінің жұмыс істеу қағидасын түбегейлі өзгерту қажет. Орта медицина қызметкерлеріне, психологтарға, әлеуметтік қызметкерлерге, ҰЕҰ-ға тән емес функцияларды барынша төмендету керек. Тұрғындар арасында медбикелердің дербес қабылдауларының енгізілгені және барынша дайындалған орта медициналық қызметкерлердің үйге шақырумен қызмет көрсету мүмкіндігі бар екені туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Алайда, осы уақытқа дейін халыққа бастапқы медициналық-санитарлық көмек жүйесіндегі учаскелік мейірбикелердің рөлі мен орны; мейірбикелік құрамның жұмыс істеу технологиясы мен еңбегін ұйымдастырумен өзара байланысы; олар көрсететін медициналық көмектің сапасы; олардың профилактикалық қызметінің көлемі мен сипаты жеткілікті зерттелмеген. Мейірбике ісі құзіреттілігіне енгізілген жаңа көзқарастарды ескере отырып, орта медициналық қызметкер жұмысының ұйымдастыру формасын шыңдауды қажет етеді.

Жоғарыда баяндалғанға сәйкес, Түркістан қалалық емханасының базасында, Самара мемлекеттік медицина университеті ұсынған әдістеме бойынша және ол бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін енгізу шеңберінде қайта қаралуымен мейірбикелердің еңбек өмір сүру сапасының көрсеткіштері негізінде амбулаториялық-емханалық буын мейірбикелерінің қызметіне кешенді бағалау жүргізілді. Зерттеу барысында орта медициналық қызметкерлердің еңбек ету сапасы көрсеткіштерінің алты тобы анықталды:

- медбике жұмыс істейтін еңбек ұжымы;
- мейірбикенің еңбегін төлеу;
- маманның жұмыс орны;
- ұйым басшылығы;
- орта медицина қызметкерінің қызметтік мансабы;
- мейірбикелер үшін әлеуметтік кепілдіктер.

Көрсеткіштердің әрбір тобы 5-6 құраушыдан тұрады. Респонденттерге осы құрамдастардың пайызбен (1% - дан 100% - ға дейін) нақты болуын бағалау ұсынылды, бұл суретте көрініс тапты.

Мейірбикелік қызметкерлердің пікірінше, еңбек өмірінің сапасына басымдық ретінде келесі көрсеткіштер топтары әсер етеді: еңбекақы төлеу (103 респондент атап өтті - 67%), жұмыс орны (84 медбикелер үшін өзекті-ұжымның 55%), жеке еңбек ұжымы (70 маманды – 46%), ұйым басшылығы (64 адам - 42%), қызметтік мансабы (52 маманды қызықтырады - 34%), әлеуметтік кепілдіктер қажет (43 адамның пікірі бойынша - 28%).

Еңбек ұжымы мейірбике мен оған қатысты оның мақтанышы мен әлеуметтік қанағаттануынан тұратын әлеуметтік топты сипаттайды.

Ұжымдағы психологиялық ахуал. Орта медициналық қызметкерлердің жеке психологиялық ерекшеліктеріне байланысты (көбінесе бұл әйелдер) тұлғааралық қарым-қатынас, айналасындағылармен ақпарат алмасу әрдайым барынша тиімділікпен жүзеге асырылмайды. Коммуникабельділік жоғарғы деңгей тек 84 медбикеде ғана байқалады, бұл сұралғандардың 40% - ын құрайды. Сауалнама нәтижелері орта медицина қызметкерлерінің өзара қарым - қатынасына кедергі келтіретін кедергілердің бар-жоғын анықтады: бұл әңгімелесушіге бағдардың жоқтығы, сенімді атмосфераны құра алмау, өз ойларын баяндап және тыңдай білмеу. Сондай - ақ, мейірбикелердің кәсіби қарым - қатынасының ерекшеліктеріне назар аудару қажет, ол мынадай жүйелер болып табылады: "мейірбике - науқас", "мейірбике - науқастың отбасы", "мейірбике - қоғам", "мейірбике -дәрігер", "мейірбике-мейірбике". Әрине, нәтижесі оң және теріс

## РЕФЕРАТИВТІК ХАБАРЛАМА

болуы мүмкін. Әрбір жүйеде өзара қарым-қатынасты құрудың өзіндік ерекшеліктері бар екенін байқаған жөн. Науқасты емдеу нәтижесі, оны оңалту, оқыту, салауатты өмір салтының алдын алу қандай нәтижелерге байланысты. Ұжымдағы оң психологиялық ахуалдың болуын респонденттердің 26% көрсетті.

<b>Е Н Б Е К Ө М І Р І Н І Ң  С А П А С Ы</b>					
Еңбек ұйымы	Еңбекті төлеу	Жұмыс орны	Ұйым басшылығы	Қызметтік мансабы	Әлеуметтік кепілдіктер
Психологиялық климат (26%)	Жалақы (тарифтік ставка) (23%)	Территориалды тұрғыдан үйге жақындығы (35%)	Басшығы сенім (19%)	Мансапты жоспарлау (19%)	Демалыс бойынша (39%) кесте
Әкімшілік пен мейірбикенің қарым-қатынасы (24%)	Нәтижеге байланысты марапаттау (СКПН) (19%)	Жұмыс үстелі мен жиһаз (17%)	Басшылық стилі (13%)	Қызметкерді оқытуды қолдау (16%)	Аурухана қағаздарын төлеу (38%)
Қызметкерлердің басқаруға қатысуы	Жыл қорытындысына байланысты сыйақы (21%)	Заманауи оргтехниканың болуы (18%)	Жеке тұлғаның құқығын сақтау (19%)	Қызметіне қарау ынталандыру (19%)	Кепілдендірілген жеңілдіктер мен материалдық көмек төлемі (12%)
Реттелген құжаттарды сақтау 20%)	Еңбек сіңірген жылдары мен жасы бойынша сыйақы (11%)	Қызметтік транспорт және автотұрақ (13%)	Тұрақты маман саясаты (18%)	Кадрларды объективті аттестациялау (28%)	Туған күндер мен мерейтойларға сыйлықтар (11%)
Күйзелістер (18%)	Кәсіптерді біріктіру үшін қосымша ақы (17%)	Эргономикалық және физикалық еңбек шарттары (11%)	Бағыныштылары на құрмет (14%)	Мейірбике ұжымындағы шығармашылық атмосфера (18%)	Көлік, пәтер үшін өтемақы, (0)
Мейірбике қызметкерлерінің оң мотивациясы (9%)	Экономикалық әл-ауқат (9%)	Кәсіби қауіпсіздік (6%)	Мекеменің адалдығы (17%)		Спорттық және рекреациялық қызметтерге ақы төлеу (0)
					Тұрғын үй және көлікке арналған жеңілдікті несиелер (0)

Сурет – Мейірбикенің еңбек ету сапасы көрсеткіштерінің кешенді сипаттамасы.

Мейірбикелік ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалға және әкімшілікпен жақсы қарым-қатынасқа қарамастан, медбикелер үнемі медициналық ұйымдарда регламенттеуші құжаттарды дұрыс сақтамаумен, жұмыс орнында күйзеліспен бетпе-бет келеді. Мейірбике қызметкерінің оң мотивациясы өзінің қажеттілігіне қарамастан, практикада айтарлықтай салмағы жоқ.

Медициналық ұйымдардың мейірбике қызметкерлерінің еңбек өмір сүру сапасының деңгейін анықтауға жүргізілген зерттеу нәтижесінде біз еңбек сапасы қазіргі кезеңде еңбек тиімділігінің өсуінде маңызды стимул болып табылатынын растадық. Ол еңбек ұжымының жай-күйімен, тиімді еңбекақы төлеу жүйесімен, дұрыс ұйымдастырылған жұмыс орнымен, ұйым басшылығының қызметкерлерге қатынасымен, қызметтік мансаптық мүмкіндігімен және кадрларды объективті аттестаттаумен, қызметкерлерге әлеуметтік кепілдіктер мен қосымша игіліктерді қамтамасыз етумен айқындалады.

Осылайша, мейірбике барынша тиімді және жемісті жұмыс істеуі үшін медицина ұйымдарының басшылары жоғарыда аталған барлық көрсеткіштер бойынша мейірбикелердің еңбек жағдайын талдау керек, ол өз кезегінде мейірбикелік қызметкерлердің айналымын болдырмауға, адамдарды жұмысқа ынталандыруға көмектеседі. Бұл мейірбикелердің өздерін бақытты сезінетініне, толық беріліп тиімді жұмыс жасайтынына кепілдік.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау шеңберінде медициналық қызметтердің кемінде 80% алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде

## РЕФЕРАТИВТІК ХАБАРЛАМА

аяқталатын мақсатқа кезең-кезеңмен келу. Ол үшін мыналарды қамтамасыз ету қажет: әр түрлі мамандықтағы медициналық қызметкерлер арасындағы жұмыста сабақтастық және өзара байланыс; медициналық көмек көрсету деңгейі бойынша кезеңділікті сақтау; алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде медициналық көмек сапасын ішкі және сыртқы бақылауды жүзеге асыратын құрылымдар арасындағы өзара іс-қимыл; профилактикалық қызметтің неғұрлым нәтижелі және тиімді құралы ретінде халықты диспансерлік бақылауды пайдалану.; қолайсыз жұмыс факторларын және т. б. ескере отырып, халықтың жұмыс орны бойынша қосымша медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру.

### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Қазақстан жолы 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. // Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. - 01.18.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Е. Біртанов: Медбикелердің рөлі өте маңызды <https://www.zakon.kz/4924764-birtanov-rol-medsester-chrezvychayno.html>.

**Жазба үшін автор:** Оспанова Динара Алмаханқызы, ҚазМУНО денсаулық сақтау және денсаулық сақтау бөлімінің бастығы, [dinara.ospanova@mail.ru](mailto:dinara.ospanova@mail.ru) телефоны +77017101549

Редактор алған 04.05.2019

ҒТАМБ 76.33.33

УДК 613.95:574

## ҚОРШАҒАН ОРТА ФАКТОРЛАРЫНЫҢ БАЛАЛАРДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУ ЖАҒДАЙЛАРЫНА ӘСЕР ЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**А. Галаева<sup>1</sup>, А.А. Мусина<sup>2</sup>, М.Б. Бурумбаева<sup>2</sup>, А. Алимжанова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Қарағанды мемлекеттік медицина университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

<sup>2</sup>«Астана медицина университеті» КЕАҚ, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Мақалада қоршаған орта факторларының өсіп келе жатқан ағзаның физикалық дамуына әсері, экологиялық жүктемеге байланысты балалар мен жасөспірімдер арасындағы денсаулық бұзылыстары бойынша қауіп-қатер топтары, сондай-ақ жас ұрпақтың денсаулығын сақтау және нығайту қағидаттары туралы әдеби шолу келтірілген.

**Түйін сөздер:** физикалық даму, балалар мен жасөспірімдер, қоршаған орта, аурушаңдық.

## FEATURES OF THE EXPOSURE OF ENVIRONMENTAL FACTORS ON THE STATE OF PHYSICAL DEVELOPMENT OF CHILDREN

**A. Galayeva<sup>1</sup>, A.A. Mussina<sup>2</sup>, M.B. Burumbayeva<sup>2</sup>, A. Alimzhanova<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Karaganda State Medical University, Karaganda, Kazakhstan

<sup>2</sup>NCJSC “Astana Medical University”, Nur-Sultan, Kazakhstan

The article presents a literature review of the influence of environmental factors on the physical development of a growing body, risk groups for developing health disorders among children and adolescents, depending on the environmental load, and also contains principles for preserving and promoting the health of the younger generation.

**Key words:** physical development, children and adolescents, environment, morbidity.

## ОСОБЕННОСТИ ВОЗДЕЙСТВИЯ ФАКТОРОВ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ НА СОСТОЯНИЕ ФИЗИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ДЕТЕЙ

**А. Галаева<sup>1</sup>, А.А. Мусина<sup>2</sup>, М.Б. Бурумбаева<sup>2</sup>, А. Алимжанова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Қарағанды мемлекеттік медицина университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

## РЕФЕРАТИВТІК ХАБАРЛАМА

<sup>2</sup>НАО «Медицинский университет Астана», Нур-Султан, Казахстан

В статье приведен литературный обзор влияния факторов окружающей среды на физическое развитие растущего организма, группы риска развития нарушений здоровья среди детей и подростков, в зависимости от экологической нагрузки, а также приведены принципы сохранения и укрепления здоровья подрастающего поколения.

**Ключевые слова:** физическое развитие, дети и подростки, окружающая среда, заболеваемость.

Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы және денсаулығын қорғау ҒЗИ-ның, РФ Денсаулық сақтау Министрлігінің ФМАБ «Ұлттық ғылыми-практикалық балалар денсаулығы орталығының» деректері бойынша, Мәскеу қ. 1 сыныптағы 426 зерттелген оқушылар арасында 4,3 % -ы ғана дені сау болған, ал 11 сыныптағы балалар арасында олар мүлдем кездеспеген [1].

Ресей дәрігерлерінің алдын ала медициналық тексерістердің нәтижелері бойынша II денсаулық тобына (денсаулығы қанағаттанарлық – «қауіп-қатер тобы») жататын балалардың үлесі 70% астам. Мектеп жасындағы балалар арасында омыртқа жотасының бұзылыстары (бірінші орында - сколиоз), көру өткірлігінің төмендеуі, асқазан-ішек жолдарының аурулары сияқты патологиялық жағдайлар көп таралған. Мектепте оқу барысында бұл патология түрлерімен ауыратын оқушылардың саны өсіп отырады [2].

Ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша, күн тәртібін, дем алу, тамақтану, қозғалыс белсенділігінің, дене шынықтырудың тәртібін сақтау және сауықтыру шараларын жүргізу арқылы, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын қорғау қызметін оңтайландыру қажеттілігі анықталды [3].

Дамып келе жатқан ағзаның жаңа жағдайларға дайындығын, морфофункционалдық жетілдігін дер кезінде анықтау мен профилактикалық және сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру – өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығын сақтап қалу және нығайтудың негізгі қағидаты болып табылады. Сондықтан, балалардың өсу мен даму үрдістерін зерттеу профилактикалық медицинаның негізгі мәселелерінің бірі болып табылады.

Физикалық дамуды бағалау балалар ағзасы дамуының жеке ерекшеліктерін анықтау үшін қажет, сонымен қатар бұл әлеуметтік-гигиеналық және қоршаған ортаның экологиялық факторлары әсеріне сезімтал жауап беретін, өсіп келе жатқан ұрпақ денсаулығының ең ақпаратты интегралдық критерийі, адамның еңбекке қабілеттілігінің дәрежесі мен өмір сүру ұзақтығына, денсаулық жағдайына әсер ететін халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығының ақпараттық көрсеткіші болып табылады.

Балалар мен жасөспірімдерде физикалық дамудың үйлесімділігі мен дәрежесіне динамикалық бақылау жүргізуінің маңыздылығы – денсаулық бұзылыстарының дамуы бойынша қауіп-қатер топтарын уақтылы бөліп алуға, дер кезінде терең тексерістерді жүргізуге және алдын-алу шараларын әзірлеуге мүмкіндік беруі. Белгілі бір территорияда өмір сүретін, балалардың үлкен популяциясы арасында физикалық даму бойынша зерттеулер жүргізу, балалар денсаулығының аймақтық ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік береді, ал бұның мақсаты қоғамдық денсаулықты қалыптастыратын басым факторларды анықтау және денсаулықты сақтау мен өмір сүру ұзақтығын жоғарлату бойынша жеткілікті басқармалық шешімдерді қабылдау болып табылады.

Балалар мен жасөспірімдерде өсу мен дамудың көрсеткіштеріне мониторинг жасау әлемнің барлық елдерінде жүргізіледі. Өсу үрдістерінің сипатына әсер ететін спецификалық факторларға байланысты, көрсеткіштерді тұрақты түрде зерттеу, кейіннен дәуірлік өзгерістерін бағалау және өсу мен даму сипатын болжау қажеттілігі туындап жатыр. Мұндай бағалау түрі медициналық тексерістер немесе арнайы

## РЕФЕРАТИВТІК ХАБАРЛАМА

зерттеулер кезінде жүргізілетін, біртекті балалар топтарын антропометриялық зерттеу негізінде әзірленетін, жергілікті физикалық даму стандарттарынсыз әске аспауы мүмкін.

Қазіргі кезде Қазақстанда мектеп жасындағы балалардың физикалық дамуын зерттеу алдын-ала медициналық тексерістері кезінде жүргізіледі және 2009 жылдың 10 қарашасында ҚР ДСМ м.а. № 685 бұйрығымен бекітілген, «Халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық тексеру жүргізу ережелерімен» регламенттеледі. Балаланың бойы мен салмағы туралы деректер «Баланы профилактикалық медициналық тексерудің (скринингтің) статистикалық картасына» (025-07/е медициналық нысаны) және «Баланың медициналық картасына» (форма 026/е) енгізіледі.

Балалардың физикалық дамуының дәрежесі мен үйлесімділігін бағалау айналыстағы нормативті құжаттармен бекітілмеген. Бұдан басқа, бұл бағалаудың бір қиындығы әртүрлі жастағы балаларда физикалық дамудың заманауи стандарттары болмауымен байланысты. Осыған байланысты, мұндай нормаларды дамыту біздің Республикамыздың денсаулық сақтаудағы өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстанның түрлі аймақтарындағы балалардың физикалық дамуын, біздің еліміздегі климаттық, әлеуметтік және экологиялық жағдайларының әртүрлілігін ескере отырып зерттеу қажет. Сонымен бірге, әр түрлі этностар тұратын өңірлердің ішінде, сәйкесінше этникалық топтар өкілдерінің физикалық даму көрсеткіштерін зерделеу негізінде әзірленген стандарттарды қолдану қажет.

Соңғы онжылдықта денсаулық жағдайы, эопатологиялық мәселе ретінде өзекті болып табылады, өйткені аурулардың жиілеуі және ауырлауының көтерілу тенденциясы байқалады. Бүгінгі кезеңде қоршаған ортаның ластануымен байланысты адам денесінің қолайсыз әсерінің рөлін бағалау медицина ғылымының маңызды міндеті болып табылады [4,5,6,7,8].

Қолайсыз факторлардың әсеріне әртүрлі сезімталдығы бар халықтың жекелеген топтар денсаулығының жай-күйіне, қоршаған ортаның әсер ету ерекшеліктеріне осы уақытқа дейін аз назар аударылған. Қоршаған орта факторлары тұтастай алғанда, халықтың денсаулық жағдайында, әсіресе белгілі бір жас топтарында маңызды рөл атқарады, өйткені халықтың жеке топтары мен санаттардың жағымсыз факторларға әртүрлі сезімталдығы бар және сол факторлар рөлдерінің айтарлықтай айырмашылығы бар.

Ағзаның бейімделу мүмкіндіктері бар халық қоршаған орта факторларының әсеріне ең сезімтал болып келеді. Ең алдымен, оларға эндокриндік, иммунитеттік және басқа құрылымдардың тұрақты дамуы тән балаларды жатқызу керек, өйткені олардың жетілмегендігі, көбінесе тапшылық жағдайларының пайда болуына әкеледі [9].

Сонымен бірге, белгілі бір жыныстағы, жастағы және кәсіби топтарға, денсаулық жағдайындағы белгілі бір ауытқулары бар адамдар топтарына қоршаған орта факторларының әсер ету мәселесі қазіргі күнге дейін іс жүзінде толықтай шешілмей калуда.

Әрбір жас кезеңінің белгілі бір сырқаттанушылық дәрежелері, сондай-ақ олардың құрылымы бар. Өсе келе, аурудың жалпы деңгейін анықтайтын сырқаттанушылықтың бір нозологиялық түрі екіншісіне үнемі өзгеріп отырады.

Жыныстық белгілері негізінде қалыптасқан топтар сияқты, әрбір жастық кезеңнің аурушандық және өлім көрсеткіштерінің өзіндік нақты деңгейі, сондай-ақ белгілі бір құрылымдары бар. Екі жағдайда да, жасымен байланысты сырқаттанушылықтың жалпы деңгейлерін анықтайтын бір нозологиялық түрдің басқа түріне өзгеруі жүреді. Балаларда, белгілі болғандай, аурулардың деңгейі негізінен тыныс алу ауруларына байланысты. [10,11].

Қоршаған ортаның факторлары әсерлерімен байланысты адам денсаулығына келтіретін қауіп-қатерді бағалау әдістемесі мыналарды талдауды қамтиды: физикалық, соның ішінде радиациялық факторларды, елді-мекендердің атмосфералық ауасын,

## РЕФЕРАТИВТІК ХАБАРЛАМА

топырақ, су объектілерінің суын, азық-түлік өнімдерін ластайтын химиялық қосылыстарды, көптеген биологиялық факторларды (мысалы, микробиологиялық тәуекелдер), өндіріс ортасының және еңбек процесінің зиянды және қауіпті факторларды (кәсіптік тәуекелдер)[12,13].

Әлеуметтік-гигиеналық мониторинг (ӘГМ) бір жағынан халықтың және адамның қоршаған ортасының жағдайын бақылау, талдау, бағалау және болжаудың мемлекеттік жүйесі ретінде, сондай-ақ халықтың денсаулық жағдайы мен адамның қоршаған ортаның факторларының салдары арасындағы себеп-салдарлық қатынастарды анықтау, тәуекелдерді басқару құралы (соның ішінде тәуекелдерді және экспозицияларды бақылау, тікелей және жанама көрсеткіштердің динамикалық мониторингісі) және екінші жағынан, қағидаттар мен критерийлерді түзететін, тәуекелдерді сипаттайтын және адам сүретін ортада химиялық заттардың нақты концентрациясы, әсер ету факторлары және т.б. туралы ақпарат беретін жүйе болып табылады. Осыған байланысты тәуекелдерді бағалау әдістемесін ӘГМ-нің негізгі, жүйе қалыптастырушы элементтерінің бірі ретінде қарастыруға болады [14].

Осылайша, атмосфераның ластану дәрежесі әртүрлі аудандарда тұратын балалардағы физикалық дамуы мен жүрек-қан тамырлары жүйесінің жеке көрсеткіштерін зерттеу, антропометриялық деректер жағынан белгілі бір ауытқуларды, сондай-ақ қоршаған ортаға оңтайлы бейімделуіне бағытталған, ағзаның қорғаныш-компенсаторлық реакцияларының көрінісі деп санауға болатын, жүрек-қан тамыр жүйесінің функционалдық жағдайын анықтауға мүмкіндік берді [15].

Орта – денсаулық жүйесінде сандық тәуелділіктерді талдау, қоршаған орта факторларының халықтың денсаулығына әсерін сандық бағалаудың критерийлері мен әдістерін әзірлеуде жалғасын тапты, біздің пікірімізше, бұл экологияға байланысты бірнеше ауруларды мойындаудың ғылыми негізі болып табылады. Дегенмен, көптеген қоршаған орта факторларының денсаулық көрсеткіштеріне әсерін зерттеу бойынша жұмыстарға қарамастан, әлі күнге дейін, халықтың денсаулығына әсер ететін антропогендік және табиғи геохимиялық факторларды кешенді бағалаудың аймақтық аспектілері және қара металлургия өнеркәсібі дамыған өнеркәсіптік қалалардағы халықтың арасында осы сырқаттанушылықтардың экологиямен шартталған критерийлері сияқты сұрақтар жеткіліксіз зерттелген [16].

Денсаулық секілді санатты ашып көрсетудің әртүрлі жақтары бар. Адамның бейімделуі адам денсаулығының барлық көрсеткіштері арасында жетекші рөлді атқарады. Тұтастай алғанда, жеке тұлғаның қызметі, қоршаған ортаның өзгергіш жағдайларына үздіксіз бейімделу үдерісі сақталуымен сипатталатыны жақсы белгілі. Өмір бойы адамдар бейімделгіш қауырттылығын бастан кешіреді және бұл балалық шақта (әсіресе мектептік жаста) айқын көрінеді. Бір жағынан, бұл тәртіптің өзгеруімен, физикалық және ақыл-ой жүктемелерінің өсуімен, екінші жағынан, организмнің физиологиялық процестерінің қайта құрылымдаумен шартталған. Мектеп жасындағы балаларда соматикалық патологиядан бұрын дамиды невротикалық бұзылыстар жиі тіркеледі, созылмалы аурулар пайда болады, ал бұл адамның онтогенезінің одан кейінгі кезеңдеріне әсер етумен сипатталады. Денсаулық сақтаудың үздіксіз басқару жүйесінің оңтайлы үйлесімділігін іздестірудің маңызы зор [17].

Зерттеулер көрсеткендей, әйелдің ағзасы патология даму қаупі жағдайынан жеңіл арылады және күшті ынталандырулардың әсеріне бейімделудің балансталған күйлерімен жауап береді. Ерлер ағзасы сау функционалдық жағдайды сақтап қалуда көп энергия жұмсайды және күшті ынталандырулардың әсеріне (атап айтсақ, атмосфералық ауаның техногендік ластануы) бейімделу арқылы жауап береді [18].

Алдын-ала патологиялық жағдайларға диагностика жасамай, қоршаған орта факторларының зиянды әсерін тиімді түрде алдын алу мүмкін емес. Осылайша, ғалымдар анықтағандай, қоршаған орта ластануының жоғары дәрежесі бар қалаларда



## РЕФЕРАТИВТІК ХАБАРЛАМА

тұратын балаларды және тұрғын аудандарда тұратын балалармен салыстырған кезде, біріншілерде, жүйке-психикалық бұзылулар белгілерінің жиілігі жоғары болуы, ақыл-ой даму көрсеткіштерінің төмен болуы, қорқыныш пен тітіркенудің жоғарылауы, күйзелістік белсенділік жоғары болуы тіркелген. Жағымсыз экологиялық аймақтағы зерттелген балалардың 30% -ы шекаралық жүйке-психикалық патологиялардың қалыптасуы бойынша топқа жатқызылған [19].

Балалар мен жасөспірімдер арасында аурушандықтың таралуы және сырқаттанушылықтың ерекше жоғарлауы, патогенетикалық механизмдер қарқындылығының үдеуі, функционалдық мүмкіндіктердің бейімделуіне экологиялық қысымның асып кету салдарынан, популяциялық денсаулықтың нашарлауы туралы мәлімдейді. Қоршаған орта балалар ағзасына әсер ететін негізгі факторы болып табылады. Балалардың ағзасы үнемі өсуде және дамуда, сондықтан олар әртүрлі сыртқы орта факторларының және қарқындылығы аз факторлардың әсеріне көбірек ұшырайды, демек сыртқы факторлардың әсері балалар ағзасының жағдайына әсер ету уақытымен шектеліп қоймайды, оның кейінгі даму мен қалыптасуына зиянын көрсетеді.

Кейбір жағдайларда балалар ағзасының функционалдық жағдайындағы ауытқулар санының көп болуы, организмнің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерімен, сонымен бірге экологиялық жағдайы жағымсыз аудандарда өмір сүруден туындаған жиі аурушандықпен байланысты. Ауа бассейні балалардың денсаулығының қалыптасуына әсер ететін зиянды заттектер кешенімен ластанады. Ортадағы факторлар кешенінің көп уақыттағы әсері ерекше жауап қалыптасуымен сипатталады.

Балалар Қазақстан халқының 26 %-ын құрайды. Бұл әлеуметтік топ тіршілік ортасының зиянды факторлар әсеріне өте сезімтал болып келеді. Соңғы жылдары балалар денсаулығының нашарлау тенденциясы сақталуда.

Динамикалық ағымы жағымсыз аурулардың үлкен тобының болуы, қазіргі таңдағы балалар денсаулығын қорғау жүйесінің тиімсіздігі және ағзаның функционалдық мүмкіндіктерінің сыртқы ортаға бейімделу талаптарына сәйкессіздігі туралы куәландырады.

Сондықтан, қоршаған орта факторларының балалар денсаулығына әсерін зерттеу, қазіргі уақытта өзекті болып табылады және бұл олардың денсаулық жағдайларында бастапқы жағымсыз өзгерістердің дер кезінде анықталуына бағытталуы тиіс.

### **Қолданылған әдебиет**

1. *Бершвили Н. Среди старшеклассников врачи не обнаружили абсолютно здоровых. - 20.06.2017. – Электронный ресурс: <https://iz.ru/608188/nataliia-berishvili/sredi-starsheklassnikov-vrachi-ne-obnaruzhili-absoliutno-zdorovykh>.*
2. *Манакова И.Н. Обеспечение здоровья молодого поколения как стратегическая задача национальной безопасности России // Вестник РУДН, серия Экология и безопасность жизнедеятельности. – 2010. - № 3. - С. 35-39.*
3. *Взаимодействие семьи и школы в решении проблемы здоровьесбережения учащихся/Медведь Л.М., Ляхович А.В., Коломенская А.Н. и др. // Гигиена и санитария. - 2012. - № 1. - С. 40-44.*
4. *Степень загрязнения окружающей среды и особенности энцефалопатии у детей центрального Казахстана/Дюсенова Н.К., Намазбаева З.И., Мукашева М.А. и др.//Проблемы социальной гигиены, здравоохранения и истории медицины. – 2007. - № 2. – С. 11-15.*
5. *Ларионова Т.К. Биосубстраты человека в эколого-аналитическом мониторинге тяжелых металлов // Медицина труда и промышленная экология. - 2000. - № 4. - С. 30-33.*
6. *Хейль В., Коберштейн Р., Цавта Б. Референтные пределы у взрослых и детей // Лабораторная диагностика. - 2001. - № 6 (17). - С. 5-7.*
7. *Степанова Н.В. Иммунный статус детей в условиях загрязнения крупного города тяжелыми металлами // Гигиена и санитария. - 2003. - № 5. - С. 42-44.*
8. *Быков А.А., Ревич Б.А. Оценка риска загрязнения окружающей среды свинцом для здоровья детей в России // Медицина труда и пром. экология. - 2001. - № 5. - С. 6-10.*
9. *Кирилкина Т.А., Ж. Г. Чарыева Ж.Г., Е. Н. Кутепов Е.Н. Факторы риска, влияющие на состояние здоровья детей // Гигиена и санитария. – 1999. - № 6. – С. 43-44.*
10. *Кутепов Е.Н., Вашкова В.В., Чарыева Ж.Г. Особенности воздействия факторов окружающей среды на здоровье отдельных групп населения // Гигиена и санитария. – 1999. - № 6. – С. 13-15.*

## РЕФЕРАТИВТІК ХАБАРЛАМА

11. Даутов Ф. Ф., Яруллин А. Х. // Гигиена и санитария. - 1980. - № 5. - С. 87-89.
  12. Динамика изменений качества окружающей среды под воздействием антропогенной деятельности человека и его влияние на формирование здоровья населения / Глеубекова Б.Т., Сулейменов Б.К., Жаркинов Е.Ж., Калимолдин М.М. // Здоровье и болезнь. - 2005. - № 1 (38). - С. 13-18.
  13. Онищенко Г.Г. Концепция риска и ее место в системе социально-гигиенического мониторинга (проблемы и пути решения) // Вестник РАМН. - 2005. - № 11. - С. 27-33.
  14. Некрасова Г.И. Классификация опасности промышленных предприятий на новой методической основе // Гигиена и санитария. - 2006. - № 5. - С. 95-98.
  15. Даутов Ф.Ф., Лысенко А.И., Яруллин А.Х. Влияния факторов окружающей среды на физическое развитие детей дошкольного возраста // Гигиена и санитария. - 1999. - № 6. - С. 13-15.
  16. Кошкина В.С., Антипанова Н.А., Котляр Н.Н. Мониторинг распространенности химических канцерогенов в объектах окружающей среды и биосредах у жителей города с развитой отраслью черной металлургии // Гигиена и санитария. - 2006. - № 1. - С. 12-14.
  17. Савалов Е.Д., Выборова С.А. Состояние адаптации как показатель здоровья // Гигиена и санитария. - 2006. - № 3. - С. 7-9.
  18. Стародумов В.Л., Полякова А.Н., Денисова Н.Б. Нервно-психический статус у детей в условиях загрязнения окружающей среды // Гигиена и санитария. - 1999. - № 6. - С. 52-55
  19. Курляндский Б.А. Диоксины: факты и домыслы // Вестник РАМН. - 2002. - № 9. - С. 29-34.
- Жазбаша хаттың авторы:** Мусина Айман Айашқызы - медицина ғылымдарының докторы, НАО «МУА» гигиена кафедрасының профессоры; aiman\_m-a@mail.ru; тел. 87017763557

Редактор алған 30.04.2019

ҒТАМБ 76.01.79+76.33.37

ӘҚЖ 616.133.33-004.6

## СӘУЛЕЛІ ДИАГНОСТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

**М.Б. Махашов<sup>1</sup>, Э.И. Кусайынова<sup>1</sup>, А.А. Айтмагамбетова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Қазақстандық медициналық университет «ҚДСЖМ», Алматы қаласы, Қазақстан

<sup>2</sup>С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина университет, Алматы қаласы, Қазақстан

Берілген мақалада зерттеудің медициналық субъектідегі сәулелі диагностика қызметін ұйымдастырудың жағдайын, ондағы маман құрамын, заманауи деңгейде материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін кешенді бағалауға мүмкіндік беріп, медициналық нысандағы сәулелі диагностиканың көрсетілуі мен ұйымдастырылуын жетілдірудің негізгі бағыттарын өңдеумен негізгі мәселелері анықталған.

**Кілттік сөздер:** сәулелі диагностика, сәулелі зерттеулер.

## IMPROVING THE ORGANIZATION OF WORK OF EMPLOYEES IN RADIOLOGY

**M. Makhashov<sup>1</sup>, E. Kusayynova<sup>1</sup>, A. Aytmagambetov<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Kazakhstan medical University "VSHOZ", Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>S. G. Asfendiarov Kazakh National medical university, Almaty, Kazakhstan

In this article the main problems, development of the main directions of improvement of the organization and indications of radiation diagnostics in medical objects that will allow to estimate a complex condition of the organization of service of radiation diagnostics, structure of its experts, material and technical support at the modern level are defined.

**Key words:** radiological diagnostics, radiation research.

## СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ОРГАНИЗАЦИИ РАБОТЫ СОТРУДНИКОВ В ОБЛАСТИ ЛУЧЕВОЙ ДИАГНОСТИКИ

## РЕФЕРАТИВТІК ХАБАРЛАМА

М. Ы. Махашов<sup>1</sup>, Э. И. Кусайынова<sup>1</sup>, А.А. Айтмагамбетова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахстанский медицинский университет «ВШОЗ», Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Казахский Национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан

В данной статье определены основные проблемы, разработка основных направлений совершенствования организации и показаний лучевой диагностики в медицинских объектах, что позволит комплексно оценить состояние организации службы лучевой диагностики, состав его специалистов, материально-техническое обеспечение на современном уровне.

**Ключевые слова:** радиологическая диагностика, радиационные исследования.

Қазіргі кезде дүние жүзінің көптеген елдерінің халық денсаулығын қорғау жүйесінде, демократиялық, демографиялық, әлеуметтік және технологиялық өзгерістердің әсерінен жаһандық үдерістер жағдайында денсаулық сақтау, соның ішінде сәулелі диагностика қызметі сапалы жетілдірілуде.

Дей-тұрғанмен, қымбат тұратын және жоғарытехнологиялық медициналық көмек көрсетуді (ҚЖМК) ұйымдастыру сұрақтары елдегі денсаулық сақтаудың аса өзектілерінің бірі болып табылады. Ең алдымен бұл осы көмекке елдегі халықтың көпшілігінің, әсіресе, орталықтан қашық аудандардағы халықтың шектеулі қол жеткізуімен түсіндіріледі. Халық денсаулық жағдайының көрсеткіштерінің айтарлықсыз екендігін ескере отырып, осы мәселені шешу маңызды мемлекеттік міндет болып табылады.

Соңғы онжылдықтар жаңа диагностикалық әдістер мен тәсілдердің (магниттік-резонанстық томография, спиральды компьютерлік томография, позитронды-эмиссионды томография, көпқырлы спиральды компьютерлік томография және т.б.) аса дамуымен, классикалық диагностиканың қосымша мүмкіндіктерінің, диагностикалық техниканы қолданудың басқа жолдарының пайда болуымен ерекшеленеді (Л.Д. Линденбратен және т.б., 2001).

Қазіргі кезде адам тінінің мүшелері мен жүйелерін зерттеудің сәулелі әдістері емдеу тәжірибесінің негізін құрайды. 80% дан астам диагноздар олардың көмегімен қойылады. Сәулелі әдістерді медицинаның барлық облыстарында қолданылады. Ол әдістерсіз диагнозды дұрыс қою және көптеген ауруларды, соның ішінде онкологиялық ауруларды емдеу мүмкін емес. Қазіргі сәулелі диагностика визуализацияның түрлі тәсілдері мен алуан түрлі аппаратура паркін қолданатын көпмамандандырылған облыс. Сонымен қатар медицинаның бұл аймағы заманауи аппаратураның құнының есебінен де қымбат тұрады. Сондықтан оның, ең алдымен, ірі мекемелер мен қалаларда кеңмасштабы қолданылуы негізделген. Осы тұрғыда сәулелі диагностиканың ролі қалың және қанық медициналық мекеменің торабы бар мегаполис-қалаларда ерекше маңызды [3].

Денсаулықты қорғауға бөлінетін өткен жылдардағы бюджет тапшылығына қарамастан, елімізде барлық диагностикалық қызметтер мен бағыттардың, сондай-ақ ең алдымен кеңінен қолданылатын қазіргі заманғы медициналық технологиялардың тұрақты үрдісі байқалғандығын айта кету керек.

Медициналық радиология (сәулелік диагностика) осындай серпінді жағдайда ерекше назар аударуды талап етеді. Жаңа жоғары технологиялық қызметтердің дамуы, яғни сәулелік диагностиканы да қамтитын, халыққа медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін және сапасын арттыру жолында мақсатқа жету үшін белгіленген.

Отандық және шетелдік авторлармен диагностикалық процедуралардың құндылығының тиімділігі мен терминдер құндылығында талдана отырып сәулелік диагностиканың капитал сыйымдылығы бірнеше рет айтылған. Мұндай талдау жұмыстарының бастапқы нүктесі мамандарға және денсаулық сақтау ұйымдастырушыларына белгілі болғандай, тәжірибелік медицинада көп шығынды сәулелік технологияларды орналастыру мәселесіне клиникалық міндеттер қоюы болып табылады.

## РЕФЕРАТИВТІК ХАБАРЛАМА

Бұл ретте диагностикалық қызмет және оның тиімділігі (cost- effectiveness) арақатынасын бағалау құны алдыңғы қатарға шығып отыр. Ол ЕПМ-да емдеу-диагностикалық үрдісі ұйымының критерий рөлін атқара бастады, бірақ олоны құрайтын параметрлерін стандарттау кезінде ғана объективті анықталуы мүмкін [4-6].

Бұл әсіресе денсаулық сақтау жұмыстарын үйлестіру жағдайларында және медициналық сақтандыру ұйымдарында (МСҰ) медициналық жабдықтардың экономикалық тиімділігін есептегенде маңызды болып табылады. Бұдан бөлек пайда алуда олардың сапасы мен рентабельділігін сақтап тұратын медициналық радиология қызметі мәселесі мамандарды қызықтыруда.

Технологиялардың үздіксіз өсу құны, оларды дайындаушы фирмалардың тұрақты жетілдіруімен байланысты. Ультразаманауи жабдықтардың мүмкіндіктері мен медициналық ұйымдардың түрлі деңгейдегі толыққанды қолдану қабілетінің арасындағы қайшылық әлі де жаңғыруда. Қымбат тұратын диагностикалық жабдықтардың жарақтандырылған толық жиынтығы бар бірегей опциялары өте төмен. ИМШ тарифі бойынша және ЖМҚД тізімге енгізілмеген, яғни медициналық қызметтің құны өтелмейді және қол жетімділігі өте шектеулі. Бұл ретте еліміздің орталығынан периферияға дейін қызметтерге төмен қолжетімділігімен, яғни ол медициналық ұйымдар жүйесінің аса жабдықталмағанымен, сондай-ақ халықтың төлем қабілетінің неғұрлым төмен болуымен байланысты [7,8].

Қазіргі клиникалық медицина негізгі диагностикалық және емдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін көпжақты кешенді тәсіл ретінде сипатталады. Сәулелік диагностика саласында мұндай тәсіл интроскопиялық құралдардың жан-жақтылығында аса маңызды болуына орай, қазіргі таңда визуализацияның жаңа жоғарғы тиімділігі дамып жатыр.

Сәулелік диагностикадағы кешенді тәсіл бірқатар негізгі міндеттерді шешуге негізделеді, олардың арасында мыналарды атап өтуге болады: барлық диагностикалық құралдардың бірыңғай құрылымын біріктіру; ең ұтымды және тиімді пайдалану мақсатында оларды оңтайландыру; диагностикалық бөлімшелердің орналасу кешенділігі және қазіргі заманғы техникалық құралдармен жарақтандыру; мамандарды даярлауды және қайта даярлауды жетілдіру. Барлық сәулелік диагностиканың жуырдағы міндеті визуализацияның барлық құралдарының интеграциясы болуы тиіс. Мұндағы басты әрекеттер: ұйымдастырушылық базасын құру үшін оңтайлы өзара әрекеттестік барлық диагностикалық құралдардың мәні болып табылады, яғни сәулелік диагностикада визуализацияның барлық құралдарын бірыңғай бөлімшелерге біріктіру – бұл барлық өркениетті елдерде радиологиялық қызметтердің интеграциялық қағидаты негізінде құрылған.

Соңғы жылдары диагностикалық қызметтерді және олардың бөлімшелерін қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік жұмыс айтарлықтай жандандырылды. Осы мақсатта жетекші мамандар бірлесіп, қажетті нормативтік база әзірленген, диагностикалық қызметтің жұмысын оңтайландыру бойынша ұсынымдарды, штаттарды ретке келтіру және ЕПМ бейінділігі және қуаттылығы әртүрлі номенклатураларды зерттеу міндеті қойылған. Кезеңдері пысықталған, яғни әрбір кезеңінде диагностикалық көмек көрсету деңгейлерін және зерттеуде пайдаланылатын әдістердің бірізділігін анықтау. Сонымен қатар, өңірлердегі диагностикалық қызметтерді жетілдіру аясында реформалар жүргізіледі. Мысал ретінде, ОҚК Дубнадағы жіті миокардпен ауыратын наукастарға медициналық көмектің тиімділігін арттыру үшін қолданылатын әдістерді басқару бойынша жобаның жүзеге асырылған нәтижелерін келтіруге болады. Басқару шешімдерін қолдану және өңдеу, сонымен бірге прогрессивті технологиялар стационарда болу мерзімдерін 38% -ға, өлім-жітім 28% -ға, ал емдеудің қаржылық шығындарын - 20% төмендетуге мүмкіндік берді [9-11].

## РЕФЕРАТИВТІК ХАБАРЛАМА

Қазіргі стационарда емдеу технологияларын дамыту госпитальдық медициналық көмекті қамтамасыз ету жағдайларын қайта қарауды талап етеді. Әлбетте, бұл медициналық көмектің күрделілік деңгейі, яғни пациенттің стационарда болу мерзімін қысқартуды интенсивті деңгейдің тұрақты фонында көрсету үшін госпитальдық ресурстық базаны қалыптастыру принциптерін жаңаша қарауға негіз береді. Осыған байланысты емдеу процесін ұйымдастыруда стационарлардың штаттарының мамандармен және медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілудің нақты деңгейін талдау, сондай-ақ клиникалық дәрігерлердің диагностикалық ресурстарға қажеттілігінің өзгеруі өзекті болып отыр. Мұндай талдау тиімді медициналық көмек көрсетуде стандарттарды әзірлеу үшін және көмек көрсетуді кезеңдік оңтайландыру мен оны көрсетуде маңызды болып табылады [12-14].

Аурулардың диагностикасында қазіргі заманғы негізгі әдіснамалық принциптері ретінде синдромды принцип және диагностикалық құралдар жиынтығын пайдалану болып табылатынын атап өту қажет. Бұл типтік жағдайларда регламенттелген стандартты әдістер жинағы олардың тиімділігімен, ақпараттылығымен, үнемділігімен және қауіпсіздігімен қолданылуы тиіс екенін ескеру керек.

Бұл тәсіл ДСҰ ұсынымы тарапынан, медициналық мекемелерге сәйкесінше диагностикалық бағдарламалар құру үшін негізделген. Денсаулық сақтаудағы ұйымдастыру-әдістемелік жұмысын жетілдіру бойынша диагностикалық орталықтарға ерекше маңызды, соның ішінде қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда диагностикалық процесті оңтайландыру және жаңа жұмыстарды ұйымдастыру нысандарын енгізу мақсатқа орай. Диагностикалық орталықтарды құру ДСҰ ұсынылған диагностиканың үш деңгейлі жүйесін енгізуге мүмкіндік береді. Диагностикалық процестің әдістемелік деңгейін және оның сапасын әр түрлі өңірлер мен тұтастай елде арттырады. Халыққа қолжетімді диагностикалық көмекті, әсіресе госпитальға дейінгі кезеңін қамтамасыз ету болып табылады.

Денсаулықты қорғаудағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және қазіргі заман жағдайына сай медициналық көмек көрсету, ең алдымен халықты кепілді, тегін медициналық көмектің қажетті көлемін және сапасын, сонымен қатар жаңа нысандарды құруда жаңа талаптарды қою саланы басқаруды жоспарлаудың рөлін айтарлықтай арттырады. Медициналық көмекті қамтамасыз етуді жоспарлау, басқару және қаржылық қамтамасыз ету, оның ішінде ұлттық денсаулық сақтау жүйесін реформалаудың жоғары технологиялы болуы ерекше маңыздылыққа ие болып отыр [15].

Денсаулық сақтаудың функционалды күрделі жүйесінің басқару әдістері мен нысандарын жетілдіруде жекелеген ұйымдастырушылар (сарапшылар) мен медициналық ұжымдардың және тұтастай алғанда мамандар топтарының әртүрлі мәселелер бойынша шешімдерді қабылдауды шығармашылық тұрғыда зерттеу аса маңызды мәнге ие.

Ұйымдастыруды жетілдіру қажеттілігін көрсету ҚЖМК барлық деңгейлеріне қатысты келесі себептермен арттырылады: ҚЖМК елдің тек орталық клиникалық базасы емес, сондай-ақ көптеген аймақтық және ірі медициналық мекемелермен көрсетілуі тиіс; барлық деңгейлерде көрсетілетін осы көмектердің көлемі, әсіресе халық денсаулығының жәй-күйі нашарлаған жағдайда жеткіліксіз; оны әртүрлі кезеңдерде көрсету сабақтастығы әрқашан қамтамасыз етіле бермейді, кадрлардың біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан немесе қандай да бір орындарындағы өзге де кемшіліктер, сондай-ақ басты медициналық мекемелердің аумақтарындағы әдістемелік қызметтің жеткіліксіздігінен; сол немесе өзге де медициналық көмектің ҚЖМК-кеа жатқызу критерийі жоқ, яғни оның жоспарлау және ресурстық қамтамасыз етуін қиындатады; халықтың түрлі мұқтаждығын анықтау қажеттілігі және олардың муниципалдық, аймақтық және федералдық медициналық мекемелерде бағалау мүмкіндіктерін қанағаттандыру.

## РЕФЕРАТИВТІК ХАБАРЛАМА

Сонымен қатар, соңғы он жыл ішінде медициналық технологияларды қарқынды дамыту және енгізу тек емдік-диагностикалық процестің тиімділігін арттырып қана қоймайды, сондай-ақ денсаулық сақтау мекемелерінде көрсетілетін медициналық көмек құнының қарқынды өсуіне әкеледі. Тек қана бірнеше қатар жылдардағы бюджет шығыстары халыққа жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету бойынша 4 есеге өсіп, ал ҚВМП көрсеткен емделген науқастардың саны тек 13% - ға артты.

Сондықтан медициналық көмекті жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі, оның сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шаралар кешені жүйесін басқару жөніндегі медициналық, соның ішінде диагностикалық негізгі блоктар мыналар: медициналық көмек жағдайының сапасын арттыру, медициналық көмектің сапасын бақылау жүйесін және медициналық көмектің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған басқару шешімдерін қабылдауды қалыптастыру.

Стандарттаудың негізгі объектілері болуы керек: ұйымдастырушылық технологиялар; медициналық қызметтер; медициналық қызметтердің техникалық орындалуын қамтамасыз ету; медициналық қызмет көрсету сапасын; қызметкерлердің біліктілігі; медициналық практикада пайдаланылатын тіркеу-есеп беру құжаттамасы; ақпараттық технологиялар; денсаулық сақтаудың экономикалық аспектілері. Диагностика саласындағы стандарттаудың баяндалғанын ескере отырып, оның маңызды бағыттардың бірі ретінде диагностикалық қызметтердің және олардың бөлімшелері мен ауруларды диагностикалаудың ұсыныстар бойынша ресурстық және ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етудің тиімді үлгілерін әзірлеуді көздейді. Осыған байланысты әртүрлі деңгейдегі диагностикалық қызмет желілерін әзірлеу жөніндегі нормативтік базаны ретке келтіруді жалғастыру қажет, олардың құрылымы мен қуаты, материалдық-техникалық базасын және кадрлық құрамын оңтайландыру керек. Кезеңділік принциптерін диагностикалық көмектің әр кезеңіндегі көлемін айқындай отырып, диагностикалық әдістің кезеңдердің әрбірінде пайдаланылатындай біріздендіру, сондай-ақ есеп жүйесін құру, қызметтерді қажетті көлемде талдауға мүмкіндік беретіндігі ерекше мәнге ие болып отыр.

Сәулелік диагностиканың бірінғай бөлімі арқылы диагностикалық ақпараттың клиникалық шешім көлемін алу ең қысқа, ең шығынды жол болып саналады. Диагностиканың қайталануын жою, аз шығынды әдістерін пайдаланудағы, клиникалық міндеттердің жедел шешімі – бұл сұрақтың барлығы сәулелік диагностика бойынша мамандардың күзіреттілігінде [16].

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Электронное издание на основе: Сәулелі диагностика : оқулық / Г. Е. Труфановтың редакциясымен; қазақ тіліне аударған А. Б. Ахметбаева ; жауапты редакторы А. Қ. Ахметбаева. - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2014. - 576 б.
2. Кучеренко В.З., Яковлев Е.П. Стратегия клинического менеджмента как основа повышения качества медицинской помощи и ресурсосбережения // Пробл. управления здравоохранением. - 2002. - № 2. - С. 24 -28.
3. Цифровые технологии в отделении лучевой диагностики: Руководство / Под ред. Г. Г. Кармазановского, А. И. Лейченко. - М.: Видар-М, 2007. - 200 с.
4. Столбов А.П., Кузнецов П.П., Степанов В.П. Информационное обеспечение высокотехнологичной медицинской помощи// Врач и информ. технологии. - 2006. - № 6. - С. 12-16.
5. Крестин Г.П., Чойке П.Л. Острый живот: визуализационные методы диагностики: пер. с англ./Под ред. И.Н. Денисова. – М.: ГЭОТАР МЕДИЦИНА, 2000. – 360 с.
6. Сборник учебных пособий по актуальным вопросам лучевой диагностики и лучевой терапии/ Под ред. Г.Е. Труфанова. – СПб.: Элби-СПб, 2004. – 272 с.
7. Мурузов В. Х. К вопросу о перспективных направлениях совершенствования регионального здравоохранения// Экономика здравоохранения. - 2006. - № 9. - С. 5-7.
8. Семизоров А.Н. Рентгенография в диагностике и лечении переломов костей: пособие для врачей. – М.: Видар, 2007. – 175 с.
9. Руководство по амбулаторно-поликлинической инструментальной диагностике/ Гл. ред. С.К. Терновой. – М.: ГЭОТАР- Медиа, 2008. – 749 с.
10. Мультиспиральная компьютерная томография - универсальный метод диагностики болезней почек и мочевыводящих путей. / С. К. Терновой, Ю.Г. Аляев, В.Е. Сеницын, Е.В. Фоминых // Терапевт, арх. - 2005. - № 4. - С. 30-32.
11. Терновой С.В., Абдураимов А.Б. Лучевая маммология: Руководство для врачей. – М.: ГЭОТАР- Медиа, 2007. – 127 с.

## РЕФЕРАТИВТІК ХАБАРЛАМА

12. Шейман, И. М. Система стратегической закупки медицинской помощи: международный опыт и его значение для российского здравоохранения / И. М. Шейман // *Здравоохранение*. - 2006. - № 4. - С. 45-61.
13. Яковец В.В. Рентгенодиагностика заболеваний органов головы, шеи, груди: руководство для врачей. – СПб.: Гиппократ, 2002. – 576 с.
14. Аляев Ю.Г., Сеницын В.Е., Григорьев Н.А. Магнитно-резонансная томография в урологии. – М.: *Практик. Медицина*, 2005. – 270 с.
15. Хоффер М. Компьютерная томография: базовое руководство: пер. с англ. – М.: *Мед. лит.*, 2006. – 210 с.
16. Шамигурина, Н. Г. Социально-экономические критерии и показатели эффективности деятельности организаций здравоохранения//*Главврач*. - 2006. - № 7. - С. 44-48.

Поступила в редакцию 08.06.2019

МРНТИ 76.75.75  
УДК 614.215

### ОРГАНИЗАЦИЯ АКУШЕРСКО-ГИНЕКОЛОГИЧЕСКОЙ ПОМОЩИ В СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

**Ж. К. Маутова**

Областной перинатальный центр, г. Петропавловск, Казахстан

В статье автором дана система организации службы родовспоможения Северо-Казахстанской области на основании нормативно-правовых актов Министерства здравоохранения Республики Казахстан. Междисциплинарный подход, ориентированный вокруг нужд пациента, интегрированная модель службы родовспоможения и детства, должны позволить снизить показатель материнской и младенческой смертности.

**Ключевые слова:** безопасное материнство, перинатальная помощь, регионализация перинатальной помощи, дорожная карта службы родовспоможения и детства.

### ORGANIZATION OF OBSTETRIC-GYNECOLOGICAL ASSISTANCE IN THE NORTH KAZAKHSTAN REGION

**J. Mautova**

Regional Perinatal Center, Petropavlovsk, Kazakhstan

The author provides a system for organizing the obstetric service of the North Kazakhstan region on the basis of regulatory and legal acts of the Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan. An interdisciplinary approach, focused around the patient's needs, an integrated model of the obstetric and childhood services, should make it possible to reduce the rate of maternal and infant mortality.

**Key words:** safe motherhood, perinatal care, regionalization of perinatal care, road map of the obstetric and childhood services.

### СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ОБТЕТТІК-ГИНЕКОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕКТЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Ж.К. Маутова**

Облыстық перинаталды орталық, Петропавл, Қазақстан

Автор Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің нормативтік құқықтық актілерінің негізінде Солтүстік Қазақстан облысының акушерлік қызметін ұйымдастыру жүйесін ұсынады. Пациенттің қажеттіліктеріне бағытталған акушерлік және балалық қызметтердің интеграцияланған үлгісіне негізделген пәнаралық тәсіл ана мен бала өлімінің деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

**Түйінді сөздер:** қауіпсіз аналар, перинаталдық күтім, перинаталдық күтімді аймақтандыру, акушерлік және балалық қызметтердің жол картасы.

Актуальность темы совершенствования акушерско-гинекологической помощи связана с тем, что брак и семья, материнство, отцовство и детство находятся под защитой государства – это Статья 27 Конституции Республики Казахстан, которая

## РЕФЕРАТИВТІК ХАБАРЛАМА

демонстрирует, что важнейшим направлением государственной политики являются вопросы охраны здоровья матери и ребенка, улучшения медико-демографической ситуации в стране [1].

Для реализации поставленных задач в Кодексе РК от 18 сентября 2009 года № 193-IV «О здоровье народа и системе здравоохранения» право граждан на охрану материнства и детства обеспечивается нормативно-правовыми актами, преемственностью всех служб, обеспечивающих медицинскую помощь женщинам и детям на всех этапах [2].

Министерством здравоохранения РК и ведущими научными центрами – акушерства, гинекологии и перинатологии, материнства и детства разработаны Положения о деятельности организаций здравоохранения, оказывающих помощь женщинам и детям, Стандарт организации оказания акушерско-гинекологической помощи в Республике Казахстан [3].

Междисциплинарный подход, ориентированный вокруг нужд пациента, в Казахстане стал возможен с внедрением интегрированной модели службы родовспоможения и детства, который позволит снизить показатель материнской и младенческой смертности.

Исходя из вышесказанного, стоит прийти к выводу о том, что перинатальная помощь – это важная составляющая современной системы здравоохранения и только ее своевременная оптимизация позволит оказывать всю необходимую медицинскую помощь беременным и новорожденным, соответствующую текущему состоянию различных факторов, оказывающих непосредственное влияние на состояние их здоровья.

Мировой опыт свидетельствует, что совершенствование перинатальной помощи обеспечивает прогресс в снижении материнских и репродуктивных потерь.

На современном этапе здравоохранения во многих экономически развитых странах система оказания перинатальной помощи основана на принципах постоянной оптимизации.

Исторически сложилось так, что, например, в Германии существовало множество моделей лечебных учреждений, оказывающих перинатальную помощь:

- 1) децентрализованная модель 50–60 гг.;
- 2) модель неонатального центра с децентрализацией акушерства;
- 3) детская больница с отделением беременных под одной крышей;
- 4) перинатальный центр с децентрализацией педиатрии;
- 5) перинатальный центр, интегрированный в многопрофильную больницу.

Последняя модель предполагает наличие акушерской клиники, интегрированной в многопрофильную больницу. Примером такой модели является Перинатальный центр университета г. Галле. Это означает не только наличие комфортных переходов между рационально соединенными зданиями, но и одно руководство, единую идеологию, общие организационные подходы и четкую преемственность в лечении и последующей диспансеризации пациентов любыми специалистами [4].

Северо-Казахстанская область расположена на севере Казахстана, занимает южную окраину Западно-Сибирской равнины и часть Казахского мелкосопочника. Граничит с тремя областями Российской Федерации и тремя областями Казахстана:

- на севере — с Тюменской, Курганской и Омской областью России;
- на юго-востоке — с Павлодарской областью Казахстана;
- на юге — с Акмолинской областью Казахстана;
